



Жылдар жылжып, уақыт керуені алға көшкен сайын адам ғұмырының қадірі, өткен күннің естелігінің мәні тереңдей түседі. Ардагер ұстаз, ақын Көбекбай Еспанның бұл жыры – осындай ойдың өзегінен туған сырлы толғаныс.

Ақын өз замандасы, ел ішінде сыйлы болған Назардың азаматтық болмысын еске ала отырып, оның артында қалған ұрпағы Ұлықбектің бүгінгі биегіне тоқталады. Әке аманатын арқалап, ел алдында еңсе тіктеген азаматтың жетістігін жыр жолдарымен сабақтастыра отырып, досқа деген сағыныш пен оның перзентіне деген ақжолтай тілекті қатар өрбітеді.

Өлеңнің өн бойынан ауыл тіршілігінің қоныр тынысы, жастық шақтың жарқын күндері, достықтың қадірі, елдік мінез сезіледі. Әсіресе Нәлібайдағы аңшылық сапарлар, құмдағы қарапайым дастархан, түнгі әңгіме мен Шәмші әндері арқылы бір дәуірдің бейнесі көз алдымызға келеді.

«Тай боп қалып, тұлпар болдың» деген ақын сөзі – әке аманатына адал болған перзентке берілген үлкен баға.

Ендеше, әкеге деген сағыныштың, достыққа деген адалдықтың және ұрпақ сабақтастығына деген ізгі ниеттің көркем белгісі болып жаңғырып отырған бұл жырды Ұлықбектің елуді еңсерген мерейлі тойы қарсаңында құттықтау ретінде жариялауды жөн көрдік.



*Жолдасым ең бір жүріп, бір ойнаған,
Бір ауылдың мүддесін бір ойлаған.
Мен барғанда Ұлығың екі- үш жаста ед,
Әкесіндей болам деп кім ойлаған...*

*Азық қып азды- көпті қанағатын,
Орныңды басып келед аманатың.
Аламан дүбірлерде бәйге алып жүр,
Тай күйінде қалдырған қазанатың...*

*Өзің де бір асылдың сынығы едің,
Орынқұл де тазаның тұнығы еді.
Туылған кіршіксіз пәк махаббаттан,
Қос асылдың жұрнағы Ұлық еді.*

*Жасап келед жасыңды жасамаған,
Асуыңнан асып жүр аса алмаған.
Бес саусақ бірдей емес, кей тумалар,
Ат тұяғын тұлпардай баса алмаған.*

*Бүгінде қария болдық, жас та жеткен,
Болар да еді әйтпесе дастан етсем.
Жайлы айтайын бір естелік,
Жағдай еді Нәлібайда бастап өткен.*

СЕНІҢ ӘКЕҢ...

(ЖҰМАНОВ НАЗАР жолдасымның рухына)

Ол кездері екеуміз де жас едік,
Ол-фермаға, мен-мектепке бас едік.
Жас болған соң жанып тұрған шағымыз,
Екеуміз де ісімізге тас едік...

Жастық шакта күн, түн деген
болмайтын,
Кезіміз ед шаршамайтын, талмайтын.
Шалғайдағы шопандарға жол түссе,
Сенің әкең мені ертпей бармайтын.

Қайран аңға құмарлық-ай желіккен,
Қоян қуып өз деміңе деміккен.
Бір көнеге кеп қалғанда жақындап,
Мылтығыммен түсіп қалам көліктен.

Түскен жерден ошақ қазам бейімдеп,
От жағамын керек болар кейін деп.
Төңірегін кетпесін деп от шарпып,
Айналасын жинап қоям бейімдеп.

Қоян жатар қашар жағын ашық қып,
Жатқан жайын жауларынан қашық қып.
Қашқан кезде шүріппемді басып қап,
Ілінеді бұйырғаны нәсіп қып...

Қояндары семіз болад көненің.
Ішек-қарнын денесінен бөлемін.
Картоп салып дәмдеуіш сап, тұзын сап,
Газетпенен қызған құмға көлемін.

Екі сағат кезіп келем тағы да,
Екі-үш қоян бұйырады бағыма.
Қанағат қып бұл олжаға масайрап,
Қарап қоям досым кеткен жағына...

Сексеуілді жағып қоям жарық қып,
Дастарханды жайып қоям қарық қып,
Қазансыз-ақ піскен астың иісі,
Танауынды алып барад жарықтық...

Құмның беті керемет қой кешкілік,
Қоне қыстау мылқауланған кеш кіріп.
Осы кезде сенің әкең келуші ед,
Ту-у алыстан көлік даусы естіліп.



Отырғанда "Бастаңыз!" деп үрпипің,
Ауызымызға үлгергенде бір тиіп.
Басын тіспен ашатұғын бір орыс
Шыға келед тізе астынан кылтып.

Екікезек жіберген соң тақымдап,
Жүздеріміз шыға келед лапылдап,
Шәмші әндерін түгендеуге көшеміз,
Қара шәугім еңтігіп тұр бақылдап.

Тарғылдана бастағанда даусымыз,
Тарайтынбыз басылып бір мауқымыз.



"Ертен ерте тұру керек - жұмыс бар", -
Ендігісі ерте тұру - қаупіміз...

Өз жөнімен кетіп жатыр жұмыс та,
Титтей зиян келмейтін де жұмысқа.
Өкімет пен өз жұмысың бір еді,
Бір жағынан екен ғой сол дұрыс та.
xxxx

Ел ішінде бір үлкен дау туындап,
"Барып келем,- деп еді,-тез зуылдап.
Ажалына асыққан-ақ екен ғой,
Түс көргендей болып қалдық шуылдап...

Назар нағыз туылған ед ел үшін,
Татулықта ұстап жүр ед ел ішін.
Рухыңа тағзым еттім, бауырым,
Елің үшін туған жан ең мен үшін...

Тай боп қалып, тұлпар болдың қарағым,
Есіміңмен сен де көпке тарадың.
Сағынышпен сен аңсаған әкеңнің,
Рухына барсын жазған парағым...

МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ТАМЫЗ КЕҢЕСІ ҚАРСАҢЫНДА ...

ҰСТАЗДЫҚ ЖОЛЫ – ҰЛАҒАТТЫҢ ӨНЕГЕСІ

Ұстаздық – ұлы есім. Бұл мамандықтың қадірі адам тағдырына әсер етіп, ұрпақтың болашағына бағыт-бағдар беретін жауапкершілігімен өлшенеді. Ал саналы ғұмырын білім мен тәрбиеге арнаған ұстаздың еңбегі – елдің ертеңіне қосылған өлшеусіз үлес. Осындай абыройлы жолды қырық екі жыл бойы жүріп келе жатқан ұлағатты ұстаздың бірі – Рыспаева Күлзакира Әуелбекқызы.

Күлзакира Әуелбекқызы 1968 жылы Киров ауданында дүниеге келген. Ұстаздық-ты өмірінің өзегі еткен жанның бұл мамандыққа келуде де тегін емес. Өйткені оның атанасы қырық жылдан астам уақыт бойы білім беру саласында жемісті еңбек етіп, «КСРО білім беру ісінің үздігі», «Аға мұғалім», «Еңбек ардагері» төсбелгілерінің иегері атанып, абыроймен зейнетке шыққан жандар. Сөйтіп, ұстаздықтың қадірін отбасынан көріп өскен Күлзакира Әуелбекқызы ата-анасының ізін жалғап, қасиетті мамандықтың жолына түсті.

Еңбек жолын 1984 жылы өзі он жыл білім алған «Восход» орта мектебінде тәлімгер (аға жоғарғы) қызметінен бастады. Бала күнінен білім пәнін бойына сіңірген қара шаңыраққа еңбек жолының алғашқы қадамын басып, жас ұрпақпен жұмыс істеу бақытына не болды. Сегіз жыл бойы осы мектепте табанды еңбек етіп, тәлімгерлік қызметтің қыр-сырын меңгерді, оқушылардың жүрегіне жол табуды үйренді.

1992 жылдан бері Күлзакира Әуелбекқызы Шардара ауылындағы А.Әлімбетов атындағы жалпы білім беретін мектебінде орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарып келеді. Ұстаздықтың қарапайым ғана қызмет емес, үлкен жүрек

пен үздіксіз ізденісті талап ететін қасиетті міндет екенін өз еңбегімен дәлелдеп келеді. Ана тілімен қатар өзге тілді терең меңгерту арқылы оқушының дүниетанымын кеңейтіп, әдебиеттің көркем әлемі арқылы жас ұрпақтың бойына адамгершілік, ізгілік, отансүйгіштік қасиеттерді сіңіруге күш салды.

Ұстаз үшін әр шәкірт – бір әлем. Күлзакира Әуелбекқызы да талай шәкірттің жүрегіне білім шырағын жағып, өмірден өз орнын табуына жол сілтеп келеді. Оның алдынан білім алған қаншама жас бүгінде елдің әр саласында еңбек етіп, қоғамның дамуына өз үлесін қосуда. Шәкіртінің жетістігін өзінің жетістігіңдей көріп, олардың әр қадамына қуана білу – нағыз ұстазға тән қасиет.

Көп жылдық тәжірибесі мен ұйымдастырушылық қабілеті Күлзакира Әуелбекқызының мектеп басқару ісінде де айқын көрініс тапты. Бүгінде ол өзі сүйіп еңбек етіп келе жатқан білім ордасында директорын оқу жұмысы жөніндегі орынбасары қызметін абыроймен атқарып, әріптестеріне бағыт-бағдар беріп, білім сапасын арттыру жолында аялмай еңбек етуде. Жас мамандарға ақыл-кеңесін айтып, тәжірибесімен бөлісіп, ұстаздықтың жауапкершілігі мен мәртебесін ұдайы биік ұстап келеді.

Қырық екі жылдық еңбек жолы – қажырлы ізденіс пен тынымсыз еңбектің, шәкіртке деген шынайы сүйіспеншіліктің пен мамандыққа адалдықтың айқын көрінісі. Ерен еңбегі елеусіз қалған жоқ. Күлзакира Әуелбекқызы аудандық білім бөлімін, аудан әкімінің, облыстық білім басқармасының Алғыс хаттарымен, облыстық кәсіподақ ұйымының жө-

не Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Ұстаз еңбегіне берілген ең жоғары бағалардың бірі – биылғы 19 тамызда Түркістан қаласында өткен облыстық тамыз кеңесінде табысталды. Облыс әкімі Н.Көшеровтің қолынан Оқу-ағарту министрлігінің «Білім беру саласының үздігі» төсбелгісін иеленуі – Күлзакира Әуелбекқызының саналы ғұмырын білім саласына арнаған еңбегінің лайықты бағасы. Бұл марапат – бір адамның ғана жетістігі емес, ұстаздық жолға деген адалдықтың, жылдар бойғы маңдай тердің, шәкірт тәрбиесіне сіңірген еңбектің жемісі.

Күлзакира Әуелбекқызы – мектептегі қызметімен ғана емес, отбасындағы өнегесімен де көшке үлгі жан. Екі ұл, екі қыз тәрбиелеп өсірген аяулы ана, бес немеренің сүйікті әжесі. Ұстаздық пен аналық міндетті қатар алып, ұрпақ тәрбиесін өмірінің басты мұратына айналдырған бақытты жан.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деген ұлы сөз бар. Осы ұстанымды өмірлік қағидасына айналдырған Күлзакира Әуелбекқызының еңбек жолы – жас мамандарға үлгі, кейінгі буынға өнеге. Қырық екі жылдық ұстаздық ғұмыр – бір адамның кәсіби жолы ғана емес, талай шәкірттің тағдырына әсер еткен, талай жүрексізді калдырған үлкен мектеп.

Ұстаз еңбегінің өлшемі – алған марапаты ғана емес, шәкіртінің алғысы, әріптесінің құрметі, ел алдындағы абыройы. Ал Күлзакира Әуелбекқызы осындай құрметке еңбегімен, табандылығымен және ұстаздыққа деген шынайы адалдығымен жетіп отыр.

Облыстық тамыз конференциясы - 2026

Түркістан облысы



Қасиетті білім саласында қаншама жыл қызмет етсе де, шәкірт тәрбиелеуден жалықпай, ізденуден танбай келе жатқан ұлағатты ұстаздың өнегелі жолы әлі де талай жас маманға шамшырақ болары сөзсіз. Оның өмірі мен еңбек жолы – оқстаз болу – ұрпаққа жол көрсету» деген ұлы ұғымның жарқын дәлелі.

Ұстаздық жолымыз ұзағынан болсын, Күлзакира Әуелбекқызы! Еңбегіңіздің жемісін көріп, шәкірттеріңіздің жетістігіне қуанып, отбасыңыздың ортасында амандық пен шаттыққа бөлене берініз!

МАМАСЕРИПОВА

Айжан Сунатуллаевна,

А.Әлімбетов атындағы жалпы білім беретін мектеп директорының бейіндік оқыту жөніндегі орынбасары

РАУШАН ЖӘЛЕЛҚЫЗЫ «Ы.АЛТЫНСАРИН» МЕДАЛІ ИГЕРІ



Еспенбетова Раушан Жәлелқызы – Шардара қаласындағы М.Горький атындағы жалпы білім беретін мектепте орыс тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беріп жүрген тәжірибелі ұстаз. Шардара қаласында дүниеге келген ол М.Горький атындағы мектепті тәмамдап, Шымкент

педагогикалық университетінде «Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі» мамандығын алған. Бүгінде 32 жылдық еңбек өтілі бар ұстаз, «Құрметті ұстаз» төсбелгісінің иегері.

Раушан Жәлелқызының ұстаздық жолды таңдауына әкесі, белгілі каламгер, кезінде аудандық «Қазақ тілі» қоғамдық бірлестігінің төрағасы болған Жәлел Кеттебековтің ақылы себеп болған. Анасы Күлфара Аманжолова да «Өскен өңір» газетінде корректор қызметін атқарған.

Бала кезінен әкесінің адамдарға көмектесіп, журналистік қызмет атқарғанын көріп өскен Раушанның да журналист болғысы келген. Алайда әкесі қызын орыс тілін жетік меңгерген маман болғанын қалап, оған осы бағытты таңдауға кеңес берген. Әкесінің ақылын тың-

даған Раушан бұл мамандыққа бар ғұмырын арнап, таңдаған жолына еш өкінген емес.

– Әр жетістікке жеткен сайын мамандық таңдауда жол көрсеткен әкемді есіме аламын. Сыныпқа кірген сайын өзімнің шәкірт кезімдегі ұстаздарымды ойлаймын. Шәкірттеріміз менен де биік жетістіктерге жеткенін қалаймын. Олардың білім алып, бақытты болуына өз үлесімді қоса алсам, мен үшін үлкен қуаныш, – дейді ұстаз.

Раушан Жәлелқызы – өз пәнін терең меңгерген, ізденімпаз әрі шығармашылықпен жұмыс істейтін педагог. Ол сабақ барысында заманауи әдіс-тәсілдерді тиімді пайдаланып, білім сапасын арттыруға ерекше мән береді. Мұғалімдер арасында Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығын насихаттауға арналған «Поэзия әлемі» аудан-

дық байқауында ғылыми жоба бойынша бірінші орын иеленіп, Абай мұрасына арналған облыстық ғылыми-практикалық конференцияда баяндама жасаған.

Ұстаздың «Орыс тілі мен әдебиетін оқытуда озық тәжірибелер мен жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану» тақырыбындағы әдістемелік құралы мектептерге үлгі ретінде таратылған.

Соңғы жылдары мектептегі орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігін басқарып келеді. Оның шәкірттері аудандық, облыстық және республикалық олимпиадаларда жүлделі орындардан көрініп жүр. Оқушыларының білім доғаларындағы жетістіктері – ұстаз еңбегінің айқын нәтижесі.

Еңбегі еленип, облыстық білім басқармасы, аудандық білім бөлімі мен мектеп басшылығы

тарапынан бірнеше мәрте Алғыс хаттармен және марапаттармен наградталған ол апта басында Түркістан қаласында өткен жаңа оқу жылы қарсаңындағы «Білім келешегі: адал азамат, кәсіби маман» тақырыбындағы облыстық педагогикалық тамыз кеңесінде Еспенбетова Раушан Жәлелқызына облыс басшысы Нұрлан Кошеров ҚР Оқу-ағарту министрінің «Ыбырай Алтынсарин» медалін салтанатты жағдайда табыстады.

Жаңа оқу жылы қарсаңындағы бұл жоғары марапат Раушан Жәлелқызына үлкен қуаныш сыйлады. Біз де жаңа жетістігімен үлгілі ұстазды құттықтай отырып, алда мол жетістіктер тілейміз.

Жаңабай СЕЙДУӘЛИЕВ

«Мектепке жол» акциясы – балаға қамқорлық, болашаққа қолдау

Шардара ауданында әлеуметтік жағдайы төмен және қолдауды қажет ететін отбасылардан шыққан балаларға көмек көрсету мақсатында дәстүрлі «Мектепке жол» республикалық акциясы ұйымдастырылуда.

Акцияның басты мақсаты – балалардың мектепке толық дайындығын баруына жағдай жасау, әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасыларға көмек көрсету және бүлдіршіндерге қамқорлық таныту.

Қайырымдылық шарасына ауданның білім беру ұйымдары, кәсіпкерлер, демеушілер, ата-аналар мен қоғам белсенділері атсалысып, балаларға қолдау көрсетуде.

Жаңа оқу жылы қарсаңында «Мектепке жол» акциясында 100 балаға мектепке қажетті оқу құралдары, Жалпыға бірдей

міндетті білім беру қорынан (Всеобуч)-1000 балаға мектепке қажетті оқу құралдары, мектеп формасы, аяқ киім және басқа да қажетті заттармен қамтамасыз ету мақсатында әр балаға 50851 тенге қаржылай көмек берілді.

«Мектепке жол» – бұл жай ғана көмек емес, бұл баланың білім алуға деген сенімін арттыратын, қоғамның мейірімі мен жанашырлығын көрсететін игі бастама.

Әрбір бала мектепке қуанышпен барып, сапалы білім алуға лайық. Сондықтан акцияға үлес қосу – болашаққа жасалған маңызды қадам.

Бірге қолдау көрсетейік! Бір балаға жасалған жақсылық – тұтас қоғамның игілігі!



БАЯНБАЕВА

Фарида Сүлейменқызы,

Шардара ауданының білім бөлімі әдіскері.



Шартаран - Шарайна



Шардара аудандық ақпараттық - танымдық газет

Жұма
21 тамыз
2026 жыл
№36
(1222)

6+

Газет 2002 жылғы 17 сәуірден бастап шыға бастады.

23 тамыз – Құрылтай сайлауы

ДЕПУТАТ БОЛУ – ЕЛ СЕНІМІН АҚТАУ



23 тамыз – Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының сайлауының өткізілуіне орай жүріп жатқан үгіт-насихат жұмыстарының соңғы аптасында аудандық мәдениет сарайында «Ақ жол» Демократиялық партиясы төрағасының орынбасары, ҚР Парламенті Мәжілісінің VII және VIII шақырылым депутаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Құрылтайы депутатына үміткер, жерлесіміз ақын Қазыбек Иса Жарылқасынұлы кездесу өткізіп, партияның сайлауалды бағдарламасымен таныстырды.

Аудан ардагерлері мен зиялы қауым өкілдері, білім, медицина, мемлекеттік қызметшілер қатысқан кездесуді «Ақ жол» Демократиялық партиясының мүшесі, Мем-лекет және қоғам қайраткері Әбішев Ислам Әлмаханұлы ашып, жүргізіп отырды.

(Жалғасы 2-бетте)

Жеңіске бастар жол – еңбек пен табандылық

Жеңіс – еңбектен, биік белес – табандылықтан



Шардара ауданының әкімі Қарсыбаев Арман Романұлы «ARM Sport» клубының спортшыларымен арнайы кездесіп, оларды Спортшылар күнімен құттықтады.

(Жалғасы 3-бетте)

Құттықтаулар!

ЖЕРЛЕСІМІЗ ЖАҢА ҚЫЗМЕТТЕ



Қазақстан Республикасының Су ресурстары және ирригация министрінің бұйрығымен Ербол Салихбаев Су ресурстары және ирригация министрілігінің Су үнемдеу технологияларын дамыту департаментінің директоры болып тағайындалды.

Салихбаев Ербол Заурбекұлы 1989 жылы Түркістан облысының Шардара қаласында дүниеге келген.

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің «Технологиялық машиналар және жабдықтар» мамандығы бойынша, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «Су ресурстары және суды пайдалану» мамандығы

бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолын 2012 жылы Шардара қаласындағы «Ер-Серік 2» ЖШС директорының орынбасары қызметінен бастаған. Кейін осы компанияның атқарушы директоры болды.

Кейінгі жылдарда «Қазсушар» РМҚ-ның «Суметрология» филиалы Автоматтандыру және есептеу бөлімінің жетекші маманы, «Қазсушар» РМҚ Оңтүстік Қазақстан филиалының Шардара өндірістік бөлімшесінде маман, кейін Суды пайдалану бөлімінің метрология және байланыс жөніндегі бас маманы, «Қазсушар» РМҚ-да бас маман, бөлім басшысы, Материалдық-техникалық жабдықтау департаментінің басшысы қызметтерін атқарды.

Сол сияқты 2019-2022 жылдары «Қаз-сушар» РМҚ Суармалы жерлер департаментінің басшысы, «Қазсушар» РМҚ департамент басшысы, кейін Пайдалану және суды пайдалану бөлімінің басшысы қызметтерін атқарған ол 2022 жылдан қазіргі уақытқа дейін «Қазсушар» РМҚ бас директорының пайдалану жөніндегі орынбасары қызметін атқарып келді.

Жаңа қызметке тағайындалған жерлесіміз Ербол Заурбекұлына алдағы атқаратын қызметінде мол жетістіктер тілейміз.

«Шартаран-Шарайна»
газетінің ұжымы



Тұрсынай Магитова «Еңбек ардагері» медалінің иегері

өтті. Аталған нысандардың барлығын жыл соңына дейін пайдалануға беру жоспарланған.

Жиын соңында білім саласында жемісті еңбек етіп жүрген үздік педагогтар «Ерен еңбегі үшін» медалімен, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрілігінің және облыс әкімінің Алғыс хаттарымен марапатталды.

Марапат иегерлерінің қатарында Шардара аудандық білім бөлімінің әдіскері Магитова Тұрсынай Бегімқұлқызы да бар.

Оған облыс әкімі Нұрланхан Көшеров Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменованың атынан «Еңбек ардагері» медалі табыстады.

Тұрсынай Бегімқұлқызы Жетісай мәдени-ағарту училищесін кітапхана ісі, «Сырдария» университетін тарих пәні мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 1983 жылы мектеп саласында бастап, 1991 жылға дейін ұстаздық қызмет атқарған. Ал 1991 жылдан бері, яғни 35 жыл бойы Шардара аудан-


дық білім бөлімінде кітапхана қорының әдіскері болып абыройлы еңбек етіп келеді. Осы жылдар ішінде ол кітапхана қорын жүйелеу, толықтыру және білім беру ұйымдарының кітапханалық қызметін жетілдіру бағытында мол тәжірибе жинақтап, білікті маман ретінде қалыптасты.

Тұрсынай Бегімқұлқызының еңбегі бұған дейін де елеусіз қалған емес. Ол – Қазақстан Республикасы «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісінің және «Ы.Алтынсарин» медалінің иегері. Сондай-ақ «Үздік әдіскер жобасы» атты облыстық байқауда бас жүлдеге ие болып, дипломмен марапатталған. Бұдан бөлек, Облыстық білім басқармасының және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрілігінің Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасының Алғыс хаттарына ие болған.

Ұрпақ тәрбиесі мен білім саласына саналы құмұрын арнап, үш онжылдықтан астам уақыт бойы табанды еңбек етіп келе жатқан Тұрсынай Бегімқұлқызын ұстаздардың тамыз мерекесі қарсаңында жоғары марапатқа не болуымен шын жүректен құттықтаймыз!

Еңбегіңіз еленип, абыройыңыз асқақтай берсін! Алдағы уақытта да деңізіңізге саулық, отбасыңызға амандық, еңбегіңізге толағай табыс, шығармашылық ізденіс пен мол жетістіктер тілейміз!

«Шартаран-Шарайна»
газетінің ұжымы



БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ – БІЛІМ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК

Жастардың отбасы, еңбек және туған жер алдындағы жауапкершілігі туралы ой

Жастар – елдің ертеңі ғана емес, бүгінгі қоғамның белсенді қозғаушы күші. Қай кезеңде де мемлекеттің болашағы білімді, еңбекқор, отбасылық құндылықтарды қадірлейтін және туған жеріне жанашыр ұрпақтың қалыптасуымен тікелей байланысты. Сондықтан жас буынның білім алуы мен еңбекке араласуы қаншалықты

маңызды болса, отбасылық өмірге дайын болуы, өз таңдауы мен әрекетіне жауап бере білуі де соншалықты өзекті.

Бүгінгі жастарға мүмкіндік мол. Білім алуға, кәсіп бастауға, жаңа мамандық меңгеруге, шығармашылықпен айналысуға, спортпен шұғылдануға, қоғамдық жұмыстарға араласуға кен жол

ашылған. Алайда мүмкіндік көбейген сайын жауапкершіліктің де салмағы арта түседі. Осы тұрғыдан алғанда, Шардара жастарының отбасы, еңбек, кәсіп және туған ауданның болашағына қатысты ой-пікірі қандай?

Осы сауалдарға сала мамандары мен қала тұрғындары жауап берді.

«Неке – жай ғана рәсім емес»

Шардара аудандық АХАТ бөлімінің басшысы Мылтықбаева Элмира Байбековна отбасы мәселесінде жастардың некеге қаншалықты дайын екеніне ерекше мән береді.

АХАТ бөлімінің мәліметіне сүйенсек, 2025 жылы ауданда 256 неке қиылып, 29 неке бұзылған. Ал 2026 жылғы 17 тамыздағы жағдай бойынша 140 неке қиылып, 10 неке бұзылған.

Бұл сандардың ар жағында тағдыр, үміт, қуанышпен қатар, жауапкершілік пен үлкен өмір сынағы тұр.

– Неке қию – жай ғана ресми рәсім емес, ол үлкен жауапкершіліктің басталуы. Сондықтан жастардың құқықтық және отбасылық сауаттылығын арттыратын жобалар, жас отбасыларды қолдау шаралары қажет, – дейді бөлім басшысы.

Оның пайымынша, алдағы жылдары нске санының көптігінен гөрі, сол отбасылардың беріктігіне басымдық берген жөн. Өйткені берік отбасы – тұрақты қоғамның негізі.



«Отбасы – жауапкершіліктен басталады»

Шардара аудандық Жастар ресурстық орталығының әдіскері Бердалиева Айгерім Кенжалиевна қазіргі жастар үшін отбасылық жауапкершіліктің маңызы айрықша екенін атап өтті.

– Қазіргі жастардың мүмкіндігі көп болғанымен, отбасылық өмірге келгенде жауапкершілікті сезіну өте маңызды. Ажырасуға ерлі-зайыптылардың бір-біріне түсінбеуі, мінез үйлесімінің болмауы, қаржылық қиындықтар, тұрмыстық мәселелер мен отбасы ішіндегі түсініспеушіліктер себеп болуы мүмкін. Сондықтан жастар некеге тұрар алдында отбасылық өмірдің жауапкершілігін жақсы түсініп, бір-біріне құрметпен қарауы қажет, – дейді ол.

Маманның пікірінше, жастардың өз ұсынысын еркін айтып, опы жүзеге асыруына мүмкіндік беретін жобалардың да маңызы зор. Әсіресе кәсіпкерлік, спорт, мәдениет, IT, еріктілік және жұмыспен қамту бағыттарын дамыту – жас буынның әлеуетін ашудың тиімді жолы.

– Жастардың өздері де бастама көтеріп, ауданның мәселелерін шешуге белсенді араласуы керек. Себебі ауданның болашағы – жастардың белсенділігіне тікелей байланысты, – дейді Айгерім Кенжалиевна.

Оның арманы – бес жылдан кейін Шардарада білімді, саналы, еңбекқор, тұрақты жұмысы немесе кәсібі бар, отбасылық жауапкершілігі жоғары жастардың қатары көбейсе екен.

«Тәрбиелі ұрпақ – туған жердің тірегі»



Қала тұрғыны Егізбай Таңшолпан Нұржанқызы отбасы құрудың жеңіл шешім емес екенін алға тартады.

– Отбасы құру – үлкен жауапкершілік. Қазіргі жастар кейде шаңырақ көтеруге асығып, отбасылық өмірдің қиындықтарына дайын болмай жатады. Бұрын балаға кішкентайынан отбасының қадірі, үлкенді сыйлау, жауапкершілік алу сияқты құндылықтар көбірек үйретілетін. Қазір де осы тәрбиені күшейту қажет, – дейді ол.

Таңшолпан Нұржанқызының пікірінше, ажырасудың алдын алудың бір жолы – жастарға сабыр, түсіністік, сыйластық пен жауапкершіліктің мәнін ұғындыру. Сонымен бірге жас ұрпақты еңбекке, кәсіпке және өз өміріне жауапкершілікпен қарауға баулу қажет.

Ол бес жылдан кейін Шардара жастарын туған жеріне жанашыр, қоғамдық жұмыстарға белсенді араласатын, өз ортасына үлгі бола алатын азаматтар ретінде көргісі келеді.

– Жастар мәдени шараларға, спорттық жарыстарға, еріктілік жұмыстарына көбірек араласқаны дұрыс. Әр жас өз қабілетін дамытуға ұмтылып, ауданымыздың көркеюіне атсалысса, бұл үлкен нәтижеге жеткізеді. Ең бастысы – жастардың бос уақытын пайдалы өткізуіне мүмкіндік беретін орта қалыптастыру қажет. Бұған жету үшін ең алдымен тәрбиені күшейтуіміз керек. Отбасындағы тәрбие мен қоғамдағы тәрбие бір-бірімен сабақтас болуы қажет, – дейді қала тұрғыны.



«Отбасы тұрақтылығы – әлеуметтік тұрақтылық»

Тәрбиеші Амангелді Ақниет Әділетқызы қазіргі жастар арасындағы отбасылық қиындықтардың бір себебін психологиялық және әлеуметтік дайындықтың жеткіліксіздігімен байланыстырады.

– Кей жағдайда жеке шекараның сақталмауы, туыстардың отбасылық өмірге шамадан тыс араласуы, өзара түсіністіктің аздығы қиындық туғызады. Бұған қоса лудомания, жұмыссыздық пен қаржылық мәселелер де отбасы тұрақтылығына кері әсер етеді. Сондықтан жастарға отбасы құндылықтарын, өзара сыйластық пен жауапкершілікті ерте жастан түсіндіру маңызды, – дейді ол.

Жастардың әлеуметтік тұрақтылығы үшін кәсіптік оқыту, жұмысқа орналастыру және кәсіп бастауға қолдау көрсететін жобаларды көбейту қажеттігін айтқан тәрбиеші ауданның туристік әлеуетін де тиімді пайдалануға болатынына назар аударды.

– Бес жылдан кейін Шардарада жастар үшін де, сырттан келетін қонақтар үшін де тартымды аудан ретінде көргім келеді. Туристер көп келетін аймақ болғандықтан, жастардың осы салаға араласуына мүмкіндік мол. Заманауи ойын-сауық орталықтары, саябақтар, демалыс орындары мен спорттық нысандар көбейсе, жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне жақсы жағдай қалыптасар еді. Бұл жаңа кәсіптер мен жұмыс орындарының пайда болуына да жол ашады, – дейді Ақниет Әділетқызы.

Болашақ – бүгіннен басталады

Әр пікірдің өзегіне үңілесек, барлығының түйісетін тұсы біреу: білім, еңбек, тәрбие және жауапкершілік.

Жастарға жағдай жасау – қоғамның міндеті. Ал сол мүмкіндікті тиімді

пайдалану – әр жастың өз қолында. Білім алып, мамандық меңгеру, адал еңбек ету, кәсіп бастау, отбасы құндылықтарын бағалау, қоғамдық өмірге белсенді

араласу – жас адамның жеке жетістігі ғана емес, туған жерінің дамуына қосқан үлесі.

Шардараның табиғи мүмкіндігі де, еңбекқор халқы да, жалынды жастары

да бар. Ендеше, осы мүмкіндіктерді бір арнаға тоғыстырып, жастардың әлеуетін туған жердің игілігіне бағыттау – маңызды міндет.

Шардараның болашағы – бүгінгі жастардың қолында. Білімді, еңбекқор,

жауапты, отбасылық құндылықтарды бағалайтын және туған жеріне адал жастар көбейген сайын ауданның да келешегі кемелдене түспек.

Айдана ҚАЙЫМ



(Жалғасы. Басы 1-бетте)

ДЕПУТАТ БОЛУ – ЕЛ СЕНІМІН АҚТАУ



Өз сөзін Қазыбек Жарылқасынұлы «Ақ жол» Демократиялық партиясының 25 жылға жуық халықпен бірге жұмыс жасап келе жатқанынан бастап, оның осы уақытқа дейін қандай жұмыстар атқарғанын, Құрылтай депутаттарының сайлауына Партияның не үшін қатысып жатқанын және алға қойған мақсаттары мен бағдарламаларын атап өтуден бастады. Ширек ғасырға жуық аты да, заты да ауыспаған, ешқандай партияға қосылмаған, ұлттың, халықтың мүддесін қорғайтын, өзінің бағдарламасына Алаш идеясын ұлттық идея деп жазып қойған, мемлекеттік тіл мәртебесін көтеруді жазып қойған партия ол – «Ақ жол» Демократиялық партиясы деді.

Одан әрі Парламент Мәжілісінде партияның ықпалымен қабылданған заңдардың бір қатарын тізіп айтып өтіп, оның елге қызмет етіп жатқанын, мінберден «Тама-Тастанбек» таза ауыз суын Шардара қаласы тұрғындарына жеткізу, мұғалімдер мен дәрігерлердің мәртебесін көтеру бойынша да мәселе көтергенін айтты.

Алдағы өтетін ҚР Құрылтай депутаттарының сайлауының ерекше маңызға ие екендігін түсіндіріп өткен Қазыбек Жарылқасынұлы сайлауға әр азаматтың өзі барып таңдауын жасап дауыс берсе оның дауысының ұрланбайтынын атап өтіп «Ақ көңілмен, ақ ниетпен, ақ жолға түсіп алып, аппақ сайлаушы болып, елімізде халыққа ақ жол ашылсын деп «Ақ жол» Демократиялық партиясына дауыс беруге шақырамын!» деді.

Келесі кезекте Қазыбек Жарылқасынұлының ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты кезіндегі мінберден елді таза ауыз сумен қамту, істен шыққан жерлерді қайта суландыру, тіл мәселесі бойынша сөйлеген сөздері мен «Тама-Тастанбек» топтық су торабының құрылысында болған бейнебаяндары көрсетілді.

Кездесуде Ислам Әлмаханұлы да «Ақ жол» Демократиялық партиясының көтерген мәселелері бойынша облыста ауыл шаруашылығында бірқатар жұмыстардың атқарылып жатқанын атап өтті. Қазыбек Жарылқасынұлы сайлаушылардың қойған сұрақтарына жауап беріп, Шардара ауданының Құрметті азаматтары Қыстау Ісөсов пен Таңсықбай Сахов партияның сайлауалды бағдарламаларының орындалатынына сенім білдіріп, аудан халқын өз сайлау учаскелеріне барып, өз таңдауларын жасап, дауыс беруге шақырды.

Жаңабай ӘЛІҚҰЛЫ

ШАРДАРАҒА БӨЛІНГЕН ҚАРАЖАТ НАҚТЫ НӘТИЖЕЛЕРГЕ БАҒЫТТАЛДЫ

Түркістан облыстық мәслихатының депутаты Бахытжан Қыпшақбайұлы Серманизов Шардара ауданының тұрғындары алдында депутаттық қызметі барысында атқарылған жұмыстар жөнінде есеп берді.

Кездесуге Шардара ауданының әкімі Арман Романұлы Қарсыбаев, аудандық мәслихаттың төрағасы Бұлтбай Мүтәлиев, ауданның ардагерлері, зиялы қауым өкілдері және тұрғындар қатысты.

2025–2026 жылдары республикалық және облыстық бюджеттерден Шардара ауданына қаржы бөлінуіне ықпал етіліп, аудан әкімдігімен бірлескен жұмыстың нәтижесінде бірқатар маңызды жобалар жүзеге асырылды.

Атап айтқанда:

- Тама-Тастанбек жерасты ауыз су көзі халық игілігіне берілді. Бірнеше жылдан бері Шардара тұрғындарының арман-тілегіне айналған бұл жоба қала халқын сапалы ауыз сумен тұрақты қамтамасыз ету бағытындағы аса маңызды қадам болды;

- қаланың ауыз су тарату нысанына күрделі жөндеу жүргізілді;

- қаладағы көріз жүйесін жөндеу және жаңғырту жұмыстары атқарылды;

- қала мен ауылдық округтердегі көшелер жөнделіп, жол инфрақұрылымын жақсарту бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілді;

- Жаушықұм-Қалғансыр бағытындағы жолдың құрылысы жүзеге асырылды. Бұл – тұрғындар ұзақ уақыт күткен маңызды жобалардың бірі. Жолдың салынуы елді мекендер арасындағы қатынасты жеңілдетіп, халықтың жүріп-тұруына қолайлы жағдай жасады. Аталған жұмыстарға тұрғындар тарапынан да ризашылық білдірілді;

- төрт ауылдық округтегі ауыз су жүйелерін жақсарту бағытындағы жұмыстар жүргізілуде;

- білім, мәдениет және спорт салаларына қажетті жобаларға қолдау көрсетіліп, ауыл шаруашылығы үшін маңызды ағын су тарату каналдарының жағдайын жақсарту бойынша жұмыстар атқарылуда.

Бұл жобалардың барлығы – республикалық және облыстық бюджеттен бөлінген қаражатты елдің нақты қажеттілігіне бағыттап, аудан әкімдігімен бірлесіп атқарылған жүйелі жұмыстың нәтижесі.

Жиын барысында тұрғындар да өздерін толғандырған мәселелерін ортаға салып, ұсыныстары мен сәулаларын жеткізді. Атап

айтқанда, Тама-Тастанбек жерасты ауыз суын ауылдық елді мекендерге тарту, жаңадан салынған тұрғын үйлердің сапасы, сондай-ақ аумақтық мәселелер көтерілді.

Сонымен қатар тұрғындар тарапынан Келес ауданына қарасты Қалғансыр және Ашыкөл ауылдық округтерін Шардара ауданына қосу жөнінде ұсыныс айтылды. Тұрғындардың пікірінше, аталған елді мекендердің Шардараға жақын орналасуы және Келес ауданының орталығынан шалғай болуы бұл мәселені қайта қарауға негіз болып отыр. Ұсыныс қолданыстағы заң талаптары мен белгіленген тәртіпке сәйкес тиісті деңгейде қаралуы қажет.

Көтерілген мәселелердің барлығы назарға алынып, тұрғындар тарапынан қойылған сұрақтарға депутат пен аудан әкімдігі тарапынан нақты әрі тұщымды жауаптар берілді. Әрбір ұсыныс бойынша тиісті түсініктеме беріліп, шешімін қажет ететін мәселелердің алдағы уақытта да назарда болатыны айтылды.

Кездесуде ауданның құрметті ардагерлері мен зиялы қауым өкілдері сөз алып, Бахытжан Қыпшақбайұлы Серманизовтың Шардараның әлеуметтік-экономикалық дамуына қосып жүрген үлесіне оң бағасын беріп, атқарылған жұмыстарға ризашылықтарын білдірді.

Өз кезегінде аудан әкімі Арман Романұлы Қарсыбаев облыстық мәслихат депутатына ауданның өзекті мәселелерін шешуге атсалысып, республикалық және облыстық бюджеттерден қаржы қарастырылуына ықпал етіп, маңызды жобалардың жүзеге асуына қолдау көрсеткені үшін алғысын білдірді.

Аудан басшысы Шардараның дамуы жолындағы жұмыстарды облыстық мәслихат депутаттарымен және тиісті мемлекеттік органдармен бірлесіп отырып одан әрі жалғастырудың маңыздылығын атап өтті.

БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫС – НӘТИЖЕЛІ ЖОБАЛАРДЫҢ НЕГІЗІ.

Ал оның ең басты көрсеткіші – елдің алғысы мен халықтың ризашылығы.

Аудан әкімдігінің баспасөз қызметі



Аудандық мәдениет сарайында аудандық прокуратураның ұйымдастыруымен ҚР Бас прокуратураның тапсырмасына, облыс прокуратураның бұйрығына сәйкес «Инвест-Керуен» жобасы аясында аудан инвесторларының өзекті мәселелерін анықтау және шешімін табу бойынша аудан прокуроры Әлі Алмас Ермекеұлының кездесуі өтті.

Кездесуді аудан әкімінің орынбасары Еркебұлан Қаратұнов ашып, жүргізіп отырды.

Аудан прокуроры инвестициялық ахуалды жақсарту, кәсіпкерлікті дамыту, инвесторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау прокуратура органдары жұмысының маңызды

АУДАН ПРОКУРОРЫ КӘСІПКЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

бағыттарының бірі екенін атап өтті.

- Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес инвестициялық ахуалды жақсарту, кәсіпкерлікті дамыту және инвесторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Инвестициялық жобаларды іске асыру барысында әкімшілік кедергілерге жол бермеу және инвесторлардың заңды қызметіне қолайлы жағдай қалыптастыру маңызды, – деді ол.

Жиында Түркістан облысында прокуратура органдары жалпы құны 3,3 триллион теңгені құрайтын 219 инвестициялық жобаны сүйемелдеп отырғаны айтылды. Оның ішінде жалпы құны 96 миллиард теңге болатын 4 жоба Шардара ауданында жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, «Қаз-

Крахмал», «Сая», «Агрика» және «Зағаспаев» жобалары аудан экономикасына инвестиция тартуға бағытталған.

Кездесуде кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтарының өкілдеріне өздерін толғандырған мәселелерді ашық айтуға мүмкіндік берілді.

Кездесуде «Хамит» өндірістік кооперативіне 40 жұмысшы қажет екендігі айтылып, оған аудандық «Мансап» орталығынан жіберілген адамдар жұмыс орнының суық болуына байланысты бармағаны баяндалды.

Аудандағы шағын және орта бизнес өкілдері мен кәсіпкерлердің 68,0 миллион теңге көлемдегі салығы жиналмай жатқандығы, наубайхана мен кафелерде полиция тарапынан қысым көрсетілетіндігі, 21 жасқа толмағандарға спиртті ішімдіктердің

сатылу мерзімі жиі бұзылатындығы айтылды.

Сонымен қатар кәсіпкерлерді қолдау, несиелен қамтамасыз ету мәселелері де көтеріліп, барлық көтерілген мәселелерді шешу жолдары талқыланды.

Кездесуді қорытындылаған аудан әкімінің орынбасары Еркебұлан Қаратұнов кәсіпкерлер тарапынан көтерілген мәселелердің назарға алынатынын айттып, аудан прокуратураның келесі кездесуі қыркүйек айында өтетінін жеткізді. Сонымен қатар келесі кездесуге білім беру, медицина және мектепке дейінгі ұйымдардың қызметкерлерін емес, көтерілген мәселелерге тікелей жауапты мемлекеттік мекемелердің өкілдерін шақыру қажеттігін атап өтті.

Жаңабай СЕЙДУАЛИЕВ

Мемлекеттік тіл – ұлттың соғатын жүрегі, елдіктің белгісі



Әрбір суверенді мемлекеттің өзіндік Туы, Елтаңбасы, Әнұранымен қатар ең басты нышандарының бірі – оның Мемлекеттік тілі. Қазақстан Республикасында Қазақ тілі – мемлекеттік тіл мәртебесіне ие. Тіл – жай ғана қарым-қатынас құралы емес, ол – халықтың ғасырлар бойы жинақтаған тарихының, мәдениетінің, салт-дәстүрі мен рухани қазынасының айнасы.

Қазақ тілі – сөздік қоры бай, икемді әрі көркем тілдердің бірі. Бабаларымыз бұл тілде ел басқарып, шешендік өнерін ұштап, артына өшпес мұра қалдырды. Тәуелсіздік алуымызбен бірге мемлекеттік тіл өзінің заңды орнына қайта оралып, ел өмірінің барлық саласына белсенді ене бастады.

Бүгінгі таңда қазақ тілі: Мемлекеттік басқару мен іс қағаздарын жүргізудің,

Бай білім беру және ғылым жүйесінің,

Қазіргі цифрлық кеңістік пен медианың негізгі құралына айналып келеді.

Мемлекеттік тілді білу және оны құрметтеу – бұл елде тұратын әрбір азаматтың па-

рызы әрі жауапкершілігі. Қазақ тілі – Қазақстанда мекендейтін барлық ұлт пен ұлысты біріктіретін, ынтымақтастық пен достықты нығайтатын ұйыстырушы фактор.

Соңғы жылдары қазақ тілін үйренуге деген сұраныс артып, IT саласында, IT-өнімдерде, әлеуметтік желілерде және өнерде мемлекеттік тілдегі контенттің үлесі айтарлықтай өсті. Бұл – тілдің заман талабына сай дамып, жаңғырып жатқанының айқын дәлелі.

Ана тілімізді қадірлеу, оның өрісін кеңейту – әрқайсымыздың күнделікті іс-әрекетімізден басталады. Мемлекеттік тілде сөйлеу, сапалы контент жасау және тіл мәдениетін сақтау арқылы біз мемлекетіміздің іргесін одан әрі бекемдей түсеміз.

Қазақ тілі – біздің өткеніміздің аманаты, бүгінгіміздің мақтаншы, болашағымыздың кепілі.

И.Н.ЖАНЗАКОВ,
Шардара ауданының
статистика
басқармасының
басшысы.

Шардара ауданының ішкі саудасы: Экономикалық өсім мен тұтынушылық сұраныс индикаторы

Ішкі сауда — өңір экономикасының айналымын қамтамасыз етіп, халықтың тұрмыс сапасы мен сатып алу қабілетін тікелей айқындайтын маңызды салалардың бірі. Тарихи-географиялық орналасуы ыңғайлы, халықаралық көлік дәлізінің бойында орналасқан Шардара ауданы үшін ішкі сауда секторын дамыту стратегиялық маңызға ие.

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, аудандағы ішкі сауда саласы жыл сайын он динамика көрсетіп, шағын және орта бизнестің негізгі қозғаушы күшіне айналып келеді.

Шардара ауданының ішкі сауда саласы негізінен екі басты бағыт бойынша қалыптасқан: бөлшек сауда және көтерме сауда.

Бөлшек сауда: Аудан халқын күнделікті тұтыну тауарларымен, азық-түлік және өнеркәсіптік тауарлармен қамтамасыз ететін негізгі буын. Бөлшек сауданың басым бөлігі сауда үйлері, шағын дүкендер мен жергілікті базарлар желісі арқылы жүзеге асады.

Көтерме сауда: Ауыл шаруашылығы өнімдерін (ет, сүт, көкөніс, ұн өнімдері) жинақтау және оларды өңірлік орталықтар мен ірі қалаларға (Шымкент, Алматы) жөнелтумен тығыз байланысты.

Аудан бойынша 2026 жылғы қантар-маусымда бөлшек сауда тауар айналымының көлемі 4 217,8 млн. теңгені құрады. Көтерме сауда тауар айналымының көлемі 2026 жылғы қантар-маусым айы аралығында 328 млн. теңгені құрады.

Ауданның географиялық орналасуы — яғни Ташкент — Шымкент транзиттік автожолының



бойында болуы — сауда-логистикалық инфрақұрылымның артуына үлкен серпін беріп отыр.

Статистикалық басымдық: Ішкі сауда саласындағы қолма-қол ақшасыз төлемдер жүйесінің (POS-терминалдар мен QR-төлемдер) кеңінен енгізілуі сауда айналымының ашықтығын арттырып, көлемді экономика үлесін төмендетуге ықпал етуде.

Шардара ауданының ішкі саудасы — өңірлік экономиканың динамикалық дамуын көрсететін басты индикаторлардың бірі. Сауда инфрақұрылымын одан әрі жетілдіру, отандық өнімді қолдау және логистикалық мүмкіндіктерді тиімді пайдалану ауданның сауда әлеуетін арттырып, халықтың әлауқатын жақсартуға берік негіз болады.

М.ТҮРЕБЕКОВА,
Шардара ауданының статистика
басқармасының бас маманы.

Аудан демографиясы: Негізгі статистикалық көрсеткіштер

Халық саны — кез келген мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуын, әлеуеті мен болашағын айқындайтын басты көрсеткіштерінің бірі. Демографиялық үдерістер тек құрғақ цифрлар жиынтығы емес, ол елдегі денсаулық сақтау, білім беру, еңбек нарығы мен миграция саясатының айнасы.

Халық санының өзгеруіне негізгі екі фактор тікелей әсер етеді:

Табиғи өсім: Туу мен өлім көрсеткіші арасындағы айырмашылық.

Миграциялық сальдо: Елге көшіп келушілер (иммигранттар) мен көшіп кетушілердің (эмигранттар) қатынасы.

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Түркістан облысы бойынша департа-

менті Шардара Ауданының Статистика Басқармасының дерегіне сәйкес ауданның халық саны 2026 жылдың 1-ші маусымына 81 601 адамды құрайды. 2026 жылғы қантар-маусым аралығындағы табиғи өсім 372-ні, миграциялық сальдо -974 құрайды.

Халық санының серпінін дер кезінде талдау және болжау — тиімді мемлекеттік саясат жүргізудің негізі. Демографиялық деректерді дәл есепке алу болашақта серпінді жоспар құруға, халықтың әлауқатын арттыруға және тұрақты дамуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Р. АХМЕТОВА,
Шардара ауданының статистика
басқармасының бас маманы.

ХАБАРАЛАНДЫРУ

«Шардара су электр станциясы» акционерлік қоғамы Түркістан облысы, Шардара ауданында орналасқан «Шардара су электр станциясы» акционерлік қоғамы үшін әзірленген рұқсат етілетін шығарындылар нормативтерінің (РЕШН) жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 25 қыркүйекте сағат 11:00-де Түркістан облысы, Шардара ауданы, Шардара қаласы, С. Аширов көшесі, 6-үй мекенжайы бойынша өтеді.

1. Zoom платформасына қосылу сілтемесі:

<https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a10a3ROUGROYm1xZDZtYXJlbnRUT09>

Конференция идентификациялары: 616 540 8596

Кіру коды: 123456

Әсер ету аумағының географиялық координаттары:

41°14'56.5" с.е., 67°58'03.9" ш.б.

Қоғамдық тыңдауларды ұйымдастыруға жауапты жергілікті атқарушы орган – Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы.

Электрондық пошта: a.erkebai@ontustik.gov.kz

Пошталық мекенжайы: 161200, Түркістан қаласы, Жаңа қала шағын

ауданы, 32-көше, 20-ғимарат.

Жобалық құжаттама пакетімен Ақпараттық жүйеде танысуға болады: <https://ndbecology.gov.kz/>

Барлық ескертулер мен ұсыныстар Ақпараттық жүйе арқылы қабылданады.

Жоспарланған қызмет бастамашысының деректемелері мен байланыс деректері:

«Шардара су электр станциясы» акционерлік қоғамы.

Мекенжайы: Түркістан облысы, Шардара қаласы, К. Елмұратов көшесі, 13-үй. БСН: 980940000552.

Электрондық пошта: sharges@mail.ru. Байланыс телефоны: 8(72533) 5-94-91.

Құжаттамамен әзірлеушінің деректемелері мен байланыс деректері:

«Hydro Engineering Kazakhstan» ЖШС.

Мекенжайы: Түркістан облысы, Жетісай ауданы, А. Жұматов көшесі, 21Б. БСН: 240940006545.

Байланыс телефоны:

8(771) 549-00-34.

Электрондық пошта:

azaproekt@bk.ru.

Қосымша ақпаратты 8 (771) 549-00-34 телефоны немесе azaproekt@bk.ru электрондық поштасы арқылы алуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Акционерное общество «Шардаринская гидроэлектростанция» сообщает о проведении общественных слушаний по проекту нормативов допустимых выбросов (НДВ) для АО

«Шардаринская гидроэлектростанция», расположенному в Шардаринском районе Туркестанской области.

Общественные слушания состоятся 25 сентября 2026 года в 11:00 по адресу: Туркестанская область, Шардаринский район, г. Шардара, ул. С. Аширова, дом 6.

Ссылка для подключения к конференции Zoom:

<https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a10a3ROUGROYm1xZDZtYXJlbnRUT09>

Идентификатор конференции: 616 540 8596

Код доступа: 123456

Территория воздействия:

41°14'56.5"N, 67°58'03.9"E.

Ответственный местный исполнительный орган за организацию общественных слушаний – Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области.

Электронная почта: a.erkebai@ontustik.gov.kz

Почтовый адрес:

161200, Туркестанская область, г.Туркестан, микрорайон Жаңа қала, улица 32, дом 20.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться в Информационной системе: <https://ndbecology.gov.kz/>

Все замечания и предложения принимаются посредством Информационной системы: <https://ndbecology.gov.kz/>

Сведения об инициаторе намечаемой деятельности:

Акционерное общество «Шардаринская гидроэлектростанция». Адрес: Туркестанская область, г. Шардара, ул. К. Елмұратова, 13.

БИН: 980940000552.

E-mail: sharges@mail.ru. Телефон: 8(72533) 5-94-91.

Сведения о разработчике документации:

ООО «Hydro Engineering Kazakhstan».

Адрес: Туркестанская область, Жетісайский район, ул. А. Жұматова, 21Б. БИН: 240940006545. Телефон: 8(771) 549-00-34. E-mail:

azaproekt@bk.ru.

Дополнительную информацию

можно получить по телефону 8 (771) 549-00-34 или по электронной почте

azaproekt@bk.ru.

НАШАҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ: САЛАУАТТЫ ҰРПАҚ – САНАЛЫ ҚОҒАМНЫҢ НЕГІЗІ

Жастардың тағдырына бейжай қарамау – бүгінгі қоғамның ортақ жауапкершілігі.

Қоғамдағы ең үлкен қасірет кейде бір күнде пайда болмайды. Ол елеусіз басталады. Бір қызығушылықтан, бір ұсыныстан, «бір реттен сиптесе болмайды» деген жаңсақ ойдан басталуы мүмкін. Ал сол бір сәт адамның тұтас тағдырын өзгертіп жіберуі ықтимал.

Нашақорлық туралы сөз қозғағанда, біз көбіне заңды, қылмысты, тәуелділікті немесе денсаулыққа келетін зиянды айтамыз. Бірақ оның ар жағында адам тағдыры тұрғанын естен шығаруымыз керек. Бір отбасының үміті, ата-ананың маңдай тері, баланың арманы мен жақындарының жан күйзелісі тұр. Сондықтан есірткіге қарсы күрес – зиянды әдеттен күрес қана емес, адамның өмірін, отбасын және қоғамның болашағын қорғау.

Жастармен жұмыс істей жүріп, осы мәселеге жиі ойланамын. Жас адамның алдында қаншама мүмкіндік бар: білім алу, кәсіп үйрену, спортпен айналысу, өнерін шыңдау, қоғамдық жұмыстарға араласу. Бірақ сол мүмкіндіктердің бәрін бір сәттік еліктеу мен жауапсыз шешімнің көлеңкесі басып қалмаса екен деймін.

Ойткені есірткі адамның болашағын бірден ұрламайды. Үсулі оның максатын әлсіретіп, еркіндігін шектейді, жақындарынан алыстатады, өзіне деген сенімін жоқ бастайды. Сондықтан жастарға оның зиянын айтып қана қоймай, одан бас тарту үшін өмірге неге ұмтылу керектігін де түсіндіріміз қажет.

Бір сәттік қызығушылық – ұзақ өкінішке айналасы.

Жастық шақ – адамның өзін іздеп, өмірлік бағытын айқындайтын кезеңі. Бұл уақытта достар ортасы, әлеуметтік желідегі ақпарат пен түрлі ұсыныстардың әсері күштірек болуы мүмкін.

Сондықтан «балам ондайға бармайды» деп қана қою жеткіліксіз. Ор ата-ана баласымен сөйлесіп, оның кіммен араласатынын бұрын не ойлайтынын, неге алаңдайтынын, қандай арманы бар екенін білуге тырысқаны жөн.

Кейде баланың үнсіздігі – бірі жақсы деген сөз емес. Мінесінің өзгеруі, тұйықталуы немесе бұрынғы қызығушылықтарының жоғалуы да назар аударуды қажет етеді.

Тәрбие – тек бақылау емес, ең алдымен сенім. Бала қажет кезінде сырын бөлісе алатын ата-анасын сезінуі керек.

Жастарға мағыналы орта қажет.

Нашақорлықтың алдын алудың маңызды жолдарының бірі – жастардың өмірін пайдалы істермен толықтыру.

Спортпен айналысқан жас өз күшін сынап, кітап оқыған жас ой-өрісін кеңейтеді, өнермен айналысқан жас шығармашылық қабілетін дамытады, еңбек еткен жас өз еңбегінің нәтижесін көреді. Қоғамдық іске араласқан жас өзінің елге қажет екенін сезінеді.

Сондықтан жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру – жай ғана демалыс мәселесі емес, жеке тұрғынан қалыптасуына әсер ететін маңызды фактор.

Шардара ауданында жастармен кездесулер, түсіндіру іс-шаралары, пікір-таластар, спорттық және мәдени шаралар ұйымдастырылып келеді. Мұндай жұмыстарды одан әрі күшейтіп, жастардың өз қабілетін ашуына мүмкіндік беретін жобаларды көбейту қажет.

Жастарға «жаман жолға түспе» деуден гөрі, «жақсы жолды бірге табаыңыз» деген ұстаным әлдеқайда тиімді.

Баланың тағдыры – бүкіл қоғамның мәселесі.

Нашақорлықтың алдын алу – ата-ананың немесе мектептің ғана міндеті емес. Бұл – отбасы, білім беру ұйымдары, жастар ұйымдары, медицина саласы, құқық қорғау органдары және тұтас қоғам болып атсалысуы қажет ететін ортақ мәселе.

Әсіресе бүгінгі ақпараттық кеністікте жастардың медиа сауаттылығын, құқықтық сауатын және сыни ойлау қабілетін арттырудың маңызы зор.

Жастар заңсыз әрекеттің салдарына да білуі тиіс. Есірткінің заңсыз сақтау, тасымалдау және өткізу заң бойынша жауапкершілікке әкеледі. «Тек жеткізіп беремін», «ақшасы жақсы екен» деген сылтаулар жауапкершіліктен босатпайды.

Сондықтан кез келген күмәнді ұсыныстан бас тартып, бір сәттік пайда үшін өз болашағын тәуекелге тікпеу – әр жастың саналы таңдауы болуы керек.

Біз қандай ұрпақ тәрбиелен жатырмыз? Біз баламыздың жақсы оқығанын, жоғары білім алғанын, маман болғанын қалаймыз. Бірақ оның қандай адам болып қалыптасатынына да назар аударуымыз керек.

Білімді болу жеткіліксіз. Адам өз таңдауына жауап бере білуі, қиындыққа төтеп беруі, қажет жерде «жою» деп айта алуы, өз қадірін сақтауы керек.

Есірткідің қорғануының ең берік жолы – адамның өз өмірін бағалауы. Әр жастың жүрегіне арман бар. Бірі жақсы маман болғысы келеді, бірі кәсіп ашуы, енді бірі спортта, өнерде биік жетістікке жетуді армандайды. Сол арманың жолын есірткі сияқты қауіпті кеселдің кесіп өтпеуі – баршамызға ортақ міндет.

Мен жастардың бойындағы жігер мен қабілетке сенемін. Оларға дұрыс бағыт, қолдау және сенім қажет. Сондықтан нашақорлықпен күресуді тек қорқынышты ескертулермен шектемей, жастарға өмірдің жарқын баламасын көрсетуіміз керек.

Есірткіге – білімді, спортты, еңбекті, өнерді, достықты, отбасы жылуын және асқақ арманды қарсы қойыңыз.

Сонда ғана «Нашақорлыққа жол жоқ!» деген сөз жай ұран емес, әрбір жастың өмірлік ұстанымына айналады.

Бүгін біз бір жасқа дұрыс жолды көрсете алсақ, ертең бір тағдырды сақтап қалуымыз мүмкін. Бір тағдырдың сақталуы – бір отбасының бақыты. Ал бір отбасының бақыты – қоғамның тыныштығы.

Салауатты ұрпақ – елдің ең қымбат капиталы.

БЕРДА ЛНЕВА Айгерім Кенжадиевна,
«Жастар ресурстық орталығы» КММ әдіскері

ЦИФРЛАНДЫРУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ, ДАМУДЫҢ НЕГІЗІ

Бүгінде цифрландыру – қоғамның барлық саласын қамтитын маңызды бағыттардың бірі. Шардара ауданында да заманауи технологияларды тиімді пайдалану, мемлекеттік қызметтерді цифрландыру, инновацияларды енгізу және тұрғындардың цифрлық сауаттылығын арттыру бағытында жұмыстар жүргізілуде.

Цифрлық технологиялардың дамуы тұрғындардың күнделікті өмірін жеңілдетіп, қажетті қызметтерді жылдам әрі қолайлы түрде алуға мүмкіндік беріп отыр. Электрондық үкімет жүйесі арқылы азаматтар көптеген мемлекеттік қызметтерді үйден шықпай-ақ пайдалана алады. Бұл уақытты үнемдеумен қатар, қызмет көрсету сапасы мен қолжетімділігін арттыруға ықпал етеді.

Қазіргі таңда жасанды интеллект технологиялары да қоғам өміріне белсенді еніп келеді. Жасанды интеллекттің білім беру, ауыл шаруашылығы, мемлекеттік басқару, бизнес және басқа да салаларда тиімді пайдалану жолының бірі болып табылады. Осы ретте аудан тұрғындарына жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін мен оны қауіпсіздік қолдану мәдениетін түсіндірудің маңызы зор.

Сонымен қатар IT-технологиялардың дамуы – жастар үшін жаңа мүмкіндіктердің көзі. Бағдарламалау, цифрлық кәсіпкерлік, робототехника және басқа да заманауи бағыттарға қызығушылық танытқан жастардың білімін жетілдіруі болашақта ауданның инновациялық әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді.

Цифрландырумен қатар киберқауіпсіздік мәселесі де назардан тыс қалмауы тиіс. «Қазақстанның киберқалқаны» бастамасының негізгі мақсаты – елдің ақпараттық қауіпсіздігін күшейту, азаматтардың жеке деректерін қорғау және интернет кеністігіндегі қауіп-қатерлерді алдын алу. Сондықтан тұрғындарға интернеттегі алаяқтықтан сақтану, күмәнді сілтемелерге өтпеу, жеке мәліметтерді бөгіе адамдарға бермеу және күрделі құпиясөздерді пайдалану жөнінде түсіндіру жұмыстары маңызды.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Зейнетақы жинақтарының сақталуына берілетін мемлекеттік кепілдікті жүзеге асыру тәсілінің өзгеруі туралы

Зейнетақы төлемдерін алушылар үшін зейнетақы жинақтарының нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) мөлшерінде, жинақталған инфляция деңгейін ескере отырып сақталуына берілетін мемлекеттік кепілдіктің жойылуына қатысты келіп түскен сұрақтар бойынша БЖЗК төмендегіні хабарлайды.

Мемлекет кепілдік береді және реттейді

Әлеуметтік кодекстің 217-бабында 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап «Мемлекет зейнетақы төлемдерін алушыларға Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының сақталуына олардың нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары мөлшерінде кепілдік береді» деп көзделген.

Мемлекеттің зейнетақы активтерінің сақталуына беретін кепілдігі Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (БЖЗК) мен инвестициялық портфельді басқарушылардың (ИПБ) қызметін реттеу, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (Ұлттық банк, КРҰБ) де, ИПБ-лардың да инвестициялық қызметіне қойылатын талаптарды белгілеу, зейнетақы активтерін орналастыру кезінде оларды әртараптандыру және тәуекелдерді төмендету жөніндегі талаптарды сақтау, сондай-ақ басқа да реттеуші нормалар арқылы қамтамасыз етіледі.

Ұлттық Банк зейнетақы активтерін зейнетақы жинақтарының сақталуын қамтамасыз етуге және ұзақ мерзімді нақты табыстылық алуға бағытталған максаттарды басшылыққа ала отырып басқарады.

Мемлекет көпдеңгейлі бақылауды қамтамасыз етеді

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жүйесі көпдеңгейлі мемлекеттік бақылауда қала береді.

Ұлттық қорды басқару жөніндегі кеңес (ҰҚБК), оған Мемлекет басшысы төрағалық етеді, зейнетақы активтерін басқару бөлігінде – инвестициялық саясаттың негізгі бағыттарын айқындайды, басқару тиімділігін арттыру жөніндегі ұсыныстарды зерделеп, БЖЗК қызметі туралы жыл сайынғы есептерді қарайды.

Үкімет КРҰБ сенімгерлік басқаруындағы зейнетақы активтері есебін сапалы алуға рұқсат етіл-



Қаржы тек саласының дамуы да цифрлық қоғамның қалыптасуына әсер етеді. Электрондық төлемдер, онлайн-банкінг және басқа да цифрлық қаржы құралдары халыққа қаржылық операцияларды жылдам жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Алайда мұндай қызметтерді пайдалануда қауіпсіздік талаптарын сақтау әр азаматтың жауапкершілігі болып саналады.

Ғарыштық технологиялар мен спутниктік деректерді пайдалану да заманауи цифрландырудың маңызды бағыттарының бірі. Ауыл шаруашылығы, жер ресурстарын бақылау, байланыс және төтенше жағдайлардың алдын алу секілді салаларда ғарыштық технологиялардың мүмкіндігі кен.

Жалпы, Шардара ауданында цифрландыруды дамуы – тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға, мемлекеттік қызметтердің тиімділігін арттыруға және жастардың заманауи технологияларға деген қызығушылығын қалыптастыруға бағытталған маңызды жұмыс. Цифрлық сауатты, технологияны дұрыс пайдалана білетін қоғам құру – уақыт талабы. Ал инновация мен жаңа технологияларды тиімді игеру ауданның болашақтағы дамуына тың серпін беретін сөзсіз.

Таншолпан
НҰРЖАНҚЫЗЫ

ген қаржы құралдарының тізбесін бекітеді.

Ұлттық Банк зейнетақы жинақтарының сақталуын қамтамасыз ету және ұзақ мерзімді нақты табыстылық алу мақсатында БЖЗК-ның инвестициялық декларациясын әзірлеп, бекітеді. Зейнетақы активтерін басқарады.

Салымшылардың зейнетақы активтерін басқаруға қатысуы

Әлеуметтік кодекстің 40-бабына сәйкес, салымшыларға өздерінің зейнетақы жинақтарын ИПБ-лардың басқаруына беру және/немесе оларды Ұлттық Банктің басқаруында қалдыру жөнінде шешімді дербес қабылдау құқығы берілген.

2026 жылғы қыркүйекте салымшылардың инвестициялық мүмкіндіктерін кеңейтуді көздейтін заңнамалық өзгерістер де күшін енеді. Қазіргі уақытта салымшылар міндетті және міндетті кәсіптік зейнетақы жинақтарының 50%-ін дейін және ерікті зейнетақы жинақтарының 100%-на дейін ИПБ-лардың басқаруына бере аласа, күзден бастап олар ерікті зейнетақы жинақтарын ғана емес, міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен қалыптас-тырылған жинақтарын да ИПБ-лардың басқаруына толық көлемде беру мүмкіндігіне ие болады.

Салымшы бір немесе бірнеше ИПБ-ны, сондай-ақ әртүрлі инвестициялық портфельдерді, яғни ИПБ ұсынатын зейнетақы активтерін басқару жөніндегі инвестициялық стратегияларды өз бетінше таңдай алады. Бұл портфельдер тәуекел деңгейі, күтілетін табыстылығы және инвестициялау мерзімі бойынша бір-бірінен ерекшеленеді.

ИПБ-лардың инвестициялық басқару тиімділігін бағалау үшін MSCI және Bloomberg сияқты әлемнің жетекші қаржы компаниялары қадағалайтын компози-тіттік индекстер (бенчмарк), сондай-ақ «Қазақстан қор биржасы» АҚ индекстері қолданылады. ИПБ-лардың инвестициялық табыстылықты белгілеген деңгейіне кепілдік береді. Егер табыстылық нарық-тық бенчмарктен төмен болып қалса, ИПБ айыр-маны өзінің меншікті капиталы есебінен өтеу-ге міндетті.

Нұркен Балғынбайұлы АЛИПОВ,
Шардара аудандық «БЖЗК» қызмет көрсету орталығының маманы.

Шекарашы – ел қалқаны, шебіміздің берік қорғаны



Шекара – картадағы сызық қана емес. Ол – бабадан қалған байтақ жердің шегі. Ол – азаттықтың айғағы. Ол – мемлекеттің айыны мен қауіпсіздігінің берік қалқаны. Ал сол қасиетті шептің тыныштығын күзету – кез келген азаматтың қолынан келе бермейтін, жүрекке беріктік пен мінезге мықтылықты талап ететін үлкен жауапкершілік.

Ал, 18 тамызды Шекарашылар күші ретінде атап өтудің де өзіндік тарихи мәні бар. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуының алғашқы жылдарында ел алдында аса маңызды міндет тұрды. Соның бірі – жас мемлекеттің өз шекарасын қорғауға қабілетті ұлттық шекара қызметін қалыптастыру еді.

Осы мақсатта 1992 жылғы 18 тамызда Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасының Шекара әскерлері құрылды. Бұл – тәуелсіз Қазақстанның қауіпсіздік жүйесін қалыптастырудағы тарихи қадамдардың бірі болды.

Сөйтіп, 18 тамыз ел шекарасын қорғаған сарбаздардың кәсіби мерекесі ретінде тарихтан орып алды. Ал 2012 жылдан бастап Шекарашылар күні бұрынғы 29 мамырдан 18 тамызға ауыстырылып, дәл осы күні аталып келеді.

Бұл күннің мақсаты жай ғана мерекелік шара өткізіп, шекарашыларды құттықтау ғана емес, ең бастысы – ел шебін күзетудің қадірін түсіндіру. Отан қорғаудың қасиетті міндет екенін кейінгі ұрпақтың санасына сіңіру. Шекара қызметінде жүрген әскери қызметшілердің еңбегін бағалау, ардагерлерге құрмет көрсету, жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу – осы мерекенің мәнін тереңдететін түседі.

Шекарашылардың қызметі сырт көзге бірсарынды көрінуі мүмкін. Бірақ шекарада тыныштық болғанымен, шекарашының қызметінде тыным жоқ. Елдің ең шетінде, табиғаттың талай тосын мінезімен бетпе-бет келіп, тәулік бойы қырағылық таныту – үлкен төзімділікті талап етеді. Бір сәттік салғырттықтың өзі мемлекет қауіпсіздігіне әсер етуі мүмкін.

Шардара – шекаралық аймақ. Сондықтан мұндағы жұрт үшін шекарашылардың қызметі тіпті жақын әрі қастерлі. Елдің тыныштығын күзетіп жүрген сарбаздардың еңбегін жергілікті халық жақсы түсінеді. Себебі шекарадағы сақтық – шекараға жақын орналасқан елді мекендердің де бейбіт өмірінің кепілі.

Осы орайда 18 тамыз – Шекара-

шылар күніне орай Шардара аудандық мәдениет сарайында Отан шебін күзетіп жүрген айбынды азаматтарға арналған салтанатты іс-шара өтті.

Салтанатты жиынға Шардара ауданы әкімінің орынбасары Бейсенбай Тасболатұлы Төребеков қатысып, шекарашыларды кәсіби мерекелерімен құттықтады. Ел қауіпсіздігі жолында қызмет етіп жүрген азаматтарға ізгі тілегін білдіріп, олардың еңбегінің ел үшін маңызы зор екенін атап өтті.

Шара барысында Отан шебін қорғауда міндеттерін мінсіз атқарып жүрген бірқатар үздік шекара қызметкерлері арнайы марапаттарға ие болды. Бұл марапат – ел алдындағы адал қызметтің бағасы. Шекара шебінде төккен тер мен атқарған абыройды міндеттің халық тарапынан көрсетілген құрметі.

Жиында ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Түркістан облысы бойынша департаменті Мақтаарал ауданы бойынша шекара басқармасының бастығы, полковник Асқар Серікұлы Аяғанов та сөз сөйлеп, шекара қызметінің жауапкершілігіне тоқталды. Ел қауіпсіздігін қамтамасыз етуде шекарашылардың атқаратын міндетінің маңызын атап өтті.

Шекарашы болу – форма кию ғана емес, бұл Отан алдындағы антына адал болу, елдің әрбір азаматының тыныштығын өз тыныштығынан жоғары қою, кейде отбасыңнан жырақта жүріп, туған жеріңнің тыныштығын күзету екендігін айтты.

Салтанатты кеште патриоттық рухты асқатқан әндер шырықпалып, ел қорғаған ерлерге деген халықтың ыстық ықыласы ән арқылы да жеткізілді. «Тау ішінде», «Синяя вечность», «Батырлар жыры», «Қазақтай биік ел қаһарман», «Елге тірек» әндері орындалып, кештің мазмұнын аша түсті.

Әсіресе жас ұрпақ үшін мұндай шаралардың тәрбиелік мәні ерекше. Себебі Отансүйгіштік сөзбен ғана қалыптаспайды. Оны нақты іспен, ерлікпен, адал еңбекпен көрсету керек. Ал шекарашылар – осы қасиеттердің жарқын үлгісі.

Иә, Шекарашылар күні – ел қорғанында жүрген ерлерге алғыс айтатын күн. Олардың батылдығын бағалап, еңбегін ұлықтайтын күн. Жас ұрпаққа «Отанды қорғау – қасиетті парыз» деген ұғымды жеткізетін күн.

Қасиетті шекарамыз қашанда берік болсын!

Гүлжан БЕЙСЕНБАЙҚЫЗЫ

АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫНА ЕСКЕРТУ

Әлеуметтік желілерде ақпарат тарату кезінде заң талаптарын сақтайық!

Құрметті Шардара ауданының тұрғындары!

Әлеуметтік желілер мен интернет-ресурстарда ақпарат жариялау және тарату кезінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы талаптарын сақтау маңызды.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 23-бабына сәйкес, әр адамға сөз еркіндігіне, сондай-ақ заңмен тыйым салынбаған тәсілдермен ақпаратты еркін алу және тарату құқығына кепілдік беріледі. Бұл ретте сөз және ақпарат тарату еркіндігі басқа адамдардың арнамысы мен қадірқасиетіне нұқсан келтірмеуге және қоғамдық тәртіпті бұзбауға тиіс. Цензураға жол берілмейді.

Осыған байланысты азаматтардың әкімдік жұмысына, мемлекеттік органдардың шешімдеріне, әлеуметтік және коммуналдық мәселелерге қатысты пікір білдіруі, сын айтуы, ұсыныс немесе шағым жариялауы өздігінен құқық бұзу-шылық болып табылмайды.

Сонымен бірге әлеуметтік желіде қандай да бір мәліметті жариялау алдында оның шындығын тексеріп, ақпараттың дереккөзін нақтылау қажет.

Нақты дерек ретінде таратылатын, бірақ шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтер заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғуы мүмкін. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 456-2-бабында жалған ақпаратты орналастыруға және таратуға қатысты жауаптылық көзделген.

Мысалы, «мен бұл қызметтің сапасына қанағаттанбаймын», «ауығсу мәселесі әлі шешілген жоқ» деген пікірлер азаматтың бағасы мен қозғарысын білдіруі мүмкін. Ал нақты факт ретінде ұсынылған мәліметтерді жариялау кезінде олардың дұрыстығына көз жеткізу қажет.



Сондай-ақ басқа адамдардың арнамысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, шындыққа сай келмейтін мәліметтерді тарату заңда белгіленген құқықтық салдарға әкеп соғуы мүмкін. «Масс-медиа туралы» заңның 67-бабында шындыққа сай келмейтін, азаматтың арнамысы мен қадір-қасиетіне немесе ұйымының, оның ішінде мемлекеттік органның іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді таратуға байланысты жауаптылық көзделген.

Осыған байланысты аудан тұрғындары:

- ақпаратты жарияламас бұрын оның дұрыстығын тексеруге;
- ақпараттың қайнар көзін көрсетуге және расталмаған мәліметті нақты факт ретінде таратпауға;
- жеке тұлғалардың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;
- мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың қызметіне қатысты сын-пікір мен ұсыныстарды заң шеңберінде білдіруге;
- жалған мәлімет, қорлау және заңмен тыйым салынған өзге де ақпаратты таратпауға шақырамыз.

Азаматтардың заңды түрде пікір білдіруі, сын айтуы және қоғамдық мәселелерді көтеруі — қоғамның маңызды құқығы. Сондықтан бұл ескерту азаматтардың заңды сынын шектеуге емес, ақпарат таратқан кезде заң талаптарын сақтауға шақыру мақсатында жарияланып отыр.

Шардара ауданы әкімдігі тұрғындарды ақпараттық мәдениетті сақтауға және әлеуметтік желілерді жауапкершілікпен пайдалануға шақырады.

Аудан әкімдігінің
баспасөз қызметі.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУЛАР КӨРСЕТІЛУДЕ

Ауданымызда ағымдағы жылы ауыл шаруашылығы дақылдары өткен жылдың көлемінде – 58,0 мың гектар жерге орналастырылды. Оның ішінде: 42,3 мың гектарға жаздық дақылдар, 1,3 мың гектарға күздік егіс, 14,4 мың гектарға мал азығы, жонышпа егілді. Аудан бойынша ағымдағы жылы 6201 бірлік агроқұрылым жұмыс жасауда және қолда бар 2328 ауыл шаруашылығы техникаларының көктемгі дала жұмыстарына 99,2 пайызы қатысты.

Жаздық егін су жұмыстары. 300 гектар жерге ерте егілген көкөністер бойынша пияз- 40,0 гектарға егілді. Сонымен қатар, 5400 гектар жерге жаңа жонышпа, 1510 гектар жерге жаздық арпа, 200 гектар жерге картоп, 9474 гектар жерге бақша, 13 520 гектар жерге мақта, 5010 гектар жүгері, 3500 гектар күріш, 450 гектар маш, 2700 гектар сүрлемдік жүгері, 50 гектар құнбағыс дақылдары егілді.

Бүгінгі таңға 1250 гектар бидайдан (100%) 3950,0 тонна, 1510 гектар жаздық арпадан (100%) 450 тонна, 4635 гектар бақшадан (49,9%) 136 732,5 тонна, 200 гектарға егілген картоптан (100%) 4640,0 тонна, 282 гектар көкөністен (94,0%) 11 054,4 тонна жиналды. Сонымен қатар ауданда бүгінгі таңға 320,0 мың тонна (115,5%) мал азығы дайындалды.

Ауыл шаруашылығы саласына көрсетіліп жатқан мемлекеттік қолдаулар жөнінде айтар болсақ, ауданда 2026 жылға 16 585,6 тонна минералды тыңайтқыш әкелу жоспары берілген.

Қазірге дейін 853 тонна аммофоска, 8898 тонна селитра, 1262 тонна карбамидке, 670 тонна аммоний сульфатына өтім беріліп, жалпы ауданға 11 683,0 тонна тыңайтқыш тасымалданған.

Женілдетілген жанар-жағармай бойынша 2026 жылғы көктемгі дала жұмыстарына 2630 тонна дизель отыны бөлініп, қазіргі таңда облыспен айқындалып бекітілген тасымалдаушы операторлар тарапынан аудан шаруаларына өз деңгейінде жеткізіліп, таратылды.

2026 жылғы күзгі дала жұмыстарына 3205 тонна дизель отыны бөлініп, қазіргі таңда об-

лыспен айқындалып бекітілген тасымалдаушы операторларға аудан шаруалары тарапынан өз деңгейінде жеткізіліп, таратып беру үшін өтім берілуде. Өтімнің берілетін: 2374,0 тонна.

2026 жылға «Кен дала», «Кен дала-2» бағдарламалары аясында көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге жалпы 341 шаруаға 2 843,5 миллион теңге жеңілдетілген несие қаржы, оның ішінде:

«Ырыс» МҚУ арқылы 127 агроқұрылымға 1001,4 миллион теңге,
«Онтулеті» АНО арқылы 192 агроқұрылымға 1516,6 миллион теңге,
«Аграрлық несие корпорациясы» Шымкент және Түркістан филиалдары арқылы 22 агроқұрылымға 325,5 миллион теңге бөлінді.

Несиелендірудің мақсаты: жылдық молшерлемесі 5 пайызбен көктемгі дала және егін жинау жұмыстарына айналым қаражатын толықтыруға қарастырылған. Сонымен қатар негізгі дақылдар 1 гектар мақтаға 283,0 мың теңге, 1 гектар жүгеріге 218,5 мың теңге, 1 гектар бақша дақылна 237,1 мың теңге несиенің лимиті белгіленіп, айқындалған.

2026 жылы су үнемдеу технологияларының көлемін 8 000 гектар жерге жеткізу жоспары ауылдық округтерге әлеуетіне қарай бөлініп берілген. Бұл бағытта су үнемдеу технологияларын орнатушы компаниялар «БНҚ групп», «Каз Кноти» және «Несер» ЖШС-лары және «Жәрдем АС» МҚУ (Лихуа) Қытай компанияларымен тиісті жұмыстар жүргізу қолға алынған.

Бүгінгі таңға су үнемдеу технологиясын ендіру бағытында жұмыс жүргізіліп жатқаны: 7949,6 гектар.

Қазіргі таңда 5519 гектар егістік алқапқа су үнемдеу технологиясын ендіру жұмыстары жүруде. Қалғаны ағымдағы жылдың күз айларында ендіру жұмыстары жүргізілетін болады.

НҮРСЕЙТОВ Нұрбақыт,
аудандық ауыл шаруашылығы
бөлімінің басшысы.

ЕУРОПАНЫ БАҒЫНДЫРҒАН 12 ЖАСТАҒЫ ШАБАНДОЗ



«Қазақ пен жылқы — егіз ұғым»
(Халық нақылы)

Жастық шақ әрдайым өз күшіңе шын сенуге мүмкіндік беретін ерекше әсігер мен батылдықты ала келеді. Жас қазақстандық спортшының мысалынан өз ісіне шын берілгендіктің қаншалықты лайықты әрі ересек нәтижелерге жеткізетінін анық көруге болады...

алды. Жарысқа 33 жұп қатысса, олардың арасында қазақстандық спортшы ең жасы болды.

Одан кейін Амина Goubergh Tour турниріне аттанып, үш күн ішінде тұрақты түрде жоғары нәтиже көрсете алды. 13 тамызда ол Cherry JVH Z

тұлпарымен бірінші орын, ал Tiesto Van D'Abelendreef атымен үшінші орын алды. Келесі күні, 14 тамызда, Tiesto Van D'Abelendreef-пен бірінші орынға, Cherry JVH Z-пен үшінші орынға ие болды. Ал 15 тамыздағы финалдық күні спортшы бірден екі атпен де жеңіске жетіп, Tiesto Van D'Abelendreef-пен де, Cherry JVH Z-пен де бірінші орын алды.

Бірден екі түрлі атпен өнер көрсетіп, үш күн ішінде төрт

жеңіске жету — жалпы кез келген спортшы үшін күрделі міндет. Асет Толқұмбековтің айтуынша, шабандоз әр жануардың мінезін жақсы сезініп, оның ерекшеліктеріне жылдам бейімделіп, маршрут бойынша дәл бағыттау білуі керек. Айта кетерлігі, екі аттың да тегі мықты: Tiesto Van D'Abelendreef Diamant de Semilly мен Nanini Van D'Abelendreef-тің (Kannan-ның қызы) тұқымнан тараса, Cherry JVH Z желісінде Clinton, Kannan және Indoctro секілді атақты арғы тектер бар.

Көріп отырғанымыздай, мұндай жетістіктер өздігінен келмейді: оның артында күнделікті тынымсыз еңбек пен жанындағы сенімді ұжым мен жақындары тұр. Спортшының дайындығымен жаттықтырушы Дайана Онаева да айналысады. Ал Асет Толқұмбеков өз сөзін былай толықтырды: «Аминаның нәтижесінде күнделікті жаттығулар, тәртіп, аттармен өзара түсіністік және команданың қолдауы маңызды рөл атқарады».

Бүгінде Қазақстан жастары өздерін сан алуан бағытта танытып келеді. Амина Есей үшін бұл жол ат спорты болды. Жылқы ықылым заманнан бері қазақ халқының өмірімен біте қайнасақ, ал бүгінде осы терең байланыс спортта жалғасын тауып, халықаралық турнир ареналарында талантқа, шеберлікке және нағыз серіктестікке айналып отыр.

Тәжібек Еркежан



МҰРАГЕРЛІК АШЫЛДЫ

17.08.2026 года открыто наследство на имущество гражданина Чеврычкина Николая Петровича, проживавшего по адресу: Туркестанская область, Шардаринский район, город Шардара, улица Шоқан Уалиханова, дом № 3/2.

Наследников прошу обратиться в нотариальную контору города Шардара.

Нотариус
Нуралиева Акмарал Ахметхановна

2026 жылғы 20 ақпанда қайтыс болған Түркістан облысы, Шардара ауданы, Сүткент ауылдық округі, Сүткент ауылы, Байқошқаров көшесі, №1 үйдін тұрғыны Байқошқаров Жетпісбай Бокишовичтің мүлігіне мұрагерлік ашылды.

Мұрагерлер Шардара қаласындағы нотариалдық кеңсеге хабарласуы тиіс.

Нотариус:
Нуралиева Акмарал Ахметхановна

Білгенге маржан:

Кемпіркөсактың жеті түсі қайдан пайда болады?

Күн сәулесі жаңбыр тамшысына түскенде, жарық сынып, шағылып, түрлі түстерге бөлінеді. Соның нәтижесінде аспанда қызылдан күлгінге дейінгі түстер пайда болады. Яғни кемпіркөсак — табиғаттың жарық пен су арқылы жасайтын ғажайып көрінісі.



Найзағайдың дауысы неге күркірейді?

Найзағай жаркылдаған кезде аспандағы электр разряды айналасындағы ауаны өте қысқа уақытта қатты қыздырып жібереді. Қызған ауа бірден кеңейіп, айналасындағы ауаны қатты итереді. Осыдан соққы толқыны пайда болады.

Сол соққы толқыны бізге күн күркіреуі болып естіледі.

Ал найзағайдың жаркылын дыбыстан бұрын көруіміздің себебі қарапайым: жарық дыбыстан әлдеқайда жылдам таралады. Сондықтан алдымен найзағайды көреміз, бірнеше секундтан кейін күркіреген дыбысын естіміз.

Қызықты факт: найзағай мен күн күркіреуінің арасындағы әрбір шамамен 3 секундтық айырмашылық найзағайдың бірден шамамен 1 шақырым қашықта екенін көрсетеді.



Бұтаққа тоқылған ғажайып ұя

Құркылтай — ұясын ағаш бұтағына өте шебер тоқитын кішкентай құс. Ұясы сырттай қарағанда дорбаға немесе қолғапқа ұқсайды.

Ол ұясын жасау үшін көбіне шөптің ұзын талшықтарын, өсімдік сабақтарын және үлпілдек материалдарды пайдаланады. Алдымен бұтаққа жіп тәрізді талшықтарды орап, ұяның негізін бекітеді. Содан кейін тұмсығымен талшықтарды бір-бірінің арасынан өткізіп, ілмектеп, тартып, айқастыра отырып қабырғасын тоқиды. Ұяның кіреберісін де арнайы қалдырады.

Ең қызығы — құркылтай ұясын тек сыртқы пішіні әдемі болсын деп емес, балапандарын желден, жанбырдан және жыртқыштардан қорғау үшін өте тығыз етіп жасайды. Бір ұяны жасауға құсқа бірнеше күн еңбек етуі мүмкін. Құркылтайдың ұясы — табиғаттағы құс жасаған ең күрделі «құрылыс» үлгілерінің бірі. Кейде оның ұясы бұтаққа жіппен тігілгендей көрінеді!



Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде 25.12.2004 ж. қайта есепке қойылып, № 5491-Г тіркеу куәлігі берілген.

Тасырыс: 1741
Таралымы: 2500

Меншік иесі:
«Нұр-МБК» ӨК

Шарайна

Ғауһат-ақпараттық газет

Аптасына 1 рет шығады.
Газет 2002 жылдың сәуір айынан бері жарық көріп келеді.

Индекс: 65248

Тарту аумағы: Қазақстан Республикасы

Төраға
КАРИЕВ
Нұрболат Нұрмаханұлы
Редактор
КАРЫ
Нұрмахан Қауысұлы
Менеджер
ЫСКАКОВА
Райхан Аманжолқызы
Дизайнер
ОРЫНБАСАРОВА
Гүлжан Бейсенбайқызы

Тілшілер
СЕЙДУЛЛИЕВ
Жанайы Әліқұлұлы
ҚАЙЫМ
Айдана Бекжанқызы

ТӘЖІБЕК
Еркежан Нұрахымқызы

Газет «Нұр-МБК»
ӨК-нің компьютер орталығында теріліп,
«ERNUR-print»
баспаханасында басылды.
Баспаханың мекен-жайы: 160000,
Шымкент қаласы,
Т.Әлімқұлов көшесі, 22

Редакцияға түскен қолжазбалар өңделіп және авторға қайтарылмайды. Жарық көрген материалдар редакцияның меншігі болып табылады және оның рұқсатынсыз жариялауға тыйым салынады. Жарияланған материалдардың авторлық ой-пікірлері редакцияның түпкілікті хәзкарсымы болып табылмайды. Редакция жарнама мәтіні үшін жауап бермейді.

Кейбір материалдар жасалған интернет-ресурстардан алынған.

Мекен-жайымыз: 161400, Шардара қаласы, Қазыбек би көшесі 5 үй, 13 пәтер.
2-19-23 8-701-423-10-54 E-mail: sharaina-777@mail.ru

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 18.11.2015 жылғы №410-V санды Қазақстан Республикасының Заңы. Осы Заң сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға бағытталған. Сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүлкітік (мүлкітік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі. Заңның негізгі бағыты сыбайлас жемқорлық-

ты болдырмау, алдын алу жолындағы іс-қимылдың қағидағдары мен принциптерін айқындайды. Біз мүлде жана қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Жана қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де аз емес. Ал шешімді күрделі мәселелер де бар. Ол – әлеуметтік мәселе. Бұл салада қоғам өмірінде түбегейлі шешімді табылмай тұрған мәселе, ол – коррупция. Елімізде осы мәселеге арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық, бірақ бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ. Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қарсылық болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық. «Сыбайлас жемқорлық» деген түсінік мағынасына этимологиялық қарау мұны «параға сатып алу», «пара» ретінде, «сотиріо» деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ «сотиріге» түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда «сындыру, бұлдіру, бұзу, зақымдау, жалған-лау, параға сатып алу» деген түсінік беріп, құқыққа қарсы іс - әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды. Мемлекеттің дамуына бармақ басты, бұрынғы өткен ата-бабаларымыз да деп басып «тура биле туған жоқ, туғанды биле ймаң жоқ» деген. Олардың әділдік пен туралылықты ту еткендігің қасыр қайраткерлері Төле би,

Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа біртуар билер мен шешендердің өмірі дәлел болатындығын біз тарихтан жақсы білеміз. Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, паракорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сенім тапсырылған бөтен мүлкіті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады. Сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады.

Ш.МАУЛЕНОВА,
Шардара аудандық
санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау басқармасының
бас маманы.



Диоксиндер адамзатқа таныс ең ұлы заттарға жатады. Адам ағзасында диоксиннің концентрациясы аз және адам ағзасында 1 кг майына бір граммның миллиардтан бір бөлігі мөлшерімен есептеледі. Бұл нормадан асқан кезде диоксиндер бірқатар аурулар туғызады: айна айтқанда катерді іскістерден пайда болу, психикалық ауытқулар, диабет, белсіздік, иммунитеттің төмендеуі сияқты. Диоксиннің түсі, дәмі, иісі болмайды. Ол химиялық реакциялардың жанама өнім ретінде пайда болады, мысалы, бензин өндіргенде. Сонымен қатар диоксиндер пайдаланылған газда, темекі түтінінде, табиғатта орман өрттері немесе жанартаудың атқылауы кезінде пайда болады.

Диоксиндер өндірістік процестердің жанама өнімі болуы мүмкін, яғни дәстүрлі тыңайтқыштарда (пестицидтер, гербицидтер, т.с.с.), целлюлоза, мұнай өнімдері, химиялық тауарлар өндіру және кейде тіпті суды хлорланған кезде пайда болуы мүмкін. Атмосфераға бақыландырылған қорықшы жағу да диоксиндердің таралуының көзі болып табылады. Диоксиндер және диоксин тәрізді заттар орама пленка, пластик бөтелке және хлор молекулалары бар бейорганикалық заттардан тұратын басқа қорықшы қарқынды жағуы кезінде пайда болады. Диоксиндердің қоршаған ортада ұзақ уақыт бойы сақталатыны және жануарлар ағзасында жиналатыны мәселені ушықтырып отыр. Заттың бір молекуласы ағза жұмысын бұзатын реакциялар тізбегін тудыруы мүмкін.

Диоксин - тұрақты органикалық ластанушы, ол химиялық, биологиялық, фотолитикалық әсер еткенде ыдырайды. Диоксин қобінесе топырақ, тағамдық өнімдерде анықталса, аз мөлшерде өсімдіктерде, суда және ауада анықталады. Тамақ өнімдеріне диоксиндер әдетте малға

арналған жем арқылы түседі. Ал тамақ өнімдері арқылы адамдарға әсер етеді.

Диоксиндердің 90 % жуығын біз ет, балық, темік өнімдері, май және сүтпен бірге жейміз. Ауамен бірге 3,5 %, ал ауыз сумен ағзаға диоксиндердің өте аз мөлшері ғана өтеді. Қазақстанда 2010 жылы 28 мамырдағы № 299 Көденді Одақ Комиссиясының шешімімен бекітілген санитариялық - эпидемиологиялық бақылаудан өткізілетін тауарларға бірыңғай санитариялық - эпидемиологиялық және гигиеналық талаптар әрекет етеді, онда диоксиндер барлық тамақ өнімдерінде нормаланатын деп көрсетілген. Диоксиндердің құрамда болуын өндіруші (жеткізуші, импорттаушы) бақылау жүргізеді және (немесе) құзырлы органдар тек диоксиндердің пайда болуына және қоршаған ортаға таралуына әкелетін табиғи және техногендік апаттармен байланысты экологиялық жағдай нашілардан кезде жана және тамақ өнімінде болуы мүмкін деген негізделген күмән болған жағдайда ғана анықталады. Диоксиндерден абсолютті қорғаныш әлі жоқ. Бірақ бұл зат липофильдерге жатады, яғни майларда ериді, және осы ерекшелігінен ескере отырып, алдын алуға болады. Бірінші кезекті өзіндік тамақтануыңызға назар аударыңыз. Есіңізде болсын, лудамал майы бар ет және балық өнімдерін, майлы тағамдарды пайдаланбаған жөн.

С.НАЗАРБЕКОВА,
Шардара аудандық
санитариялық-эпидемиологиялық
бақылау басқармасының
бөлім басшысы.

Артериялық гипертонияның алдын алу жолдары

Артериялық гипертония – қазіргі таңда әлем бойынша ең кең таралған созылмалы аурулардың бірі. Дәрігерлер оны «үнісіз жау» деп атайды, себебі көп жағдайда адам жоғары қан қысымын сезбей, қалыпты өмір сүреді. Алайда уақыт өте келе бұл дерт жүрекке, миға, бүйрекке және қан тамырларына үлкен зиян келтіреді. Инсульт, инфаркт, жүрек жеткіліксіздігі секілді ауыр асқынулардың негізгі себептерінің бірі – бақылаусыз қалған жоғары қан қысымы. Сондықтан Дүниежүзілік артериялық гипертониямен күрес апталығы



халықтың назарын денсаулықты сақтаудың маңыздылығына аударуды мақсат етеді.

Қан қысымын бақылау – әр адамның күнделікті әдетіне айналуы тиіс. Әсіресе 40 жастан асқан адамдар, артық салмағы бар азаматтар, темекі шегетіндер және аз қимылдағандар адамдар өз денсаулығына ерекше көңіл бөліпін дұрыс. Дұрыс тамақтану, тұзды тағамдарды азайту, көкірегіс пен жеміс-жидекті көбірек тұтыну, тұрақты дене белсенділігі және таза ауада серуендеу жүрек саулығын сақтауға көмектеседі. Сонымен қатар сапалы ұйқы мен күйзелісті азайту да қан қысымын қалыпты деңгейде ұстауға маңызды рөл атқарады.

Денсаулық – адам өміріндегі ең үлкен құндылық. Көп жағдайда аурудың алдын алу оны емдеуден әлдеқайда жеңіл әрі тиімді. Осы апталық аясында әр адам өз денсаулығына бейжай қарамай, қан қысымын тексеріп, салауатты өмір салтын ұстанудың маңызын түсінгені жөн. Бүгін жасалған дұрыс таңдау – ертеңгі ұзақ әрі сапалы өмірдің кепілі.

Д.Б. ЖАНАДИЛОВА,
Шардара аудандық орталық ауруханасының
жалпы тәжірибелі дәрігері.

Орманды өрт шалмасын

Жалпы, орман өрті – абайсыз жағылған оттан, сөнбей қалған шоктан, кейде найзағайдың әсерінен пайда болатын үлкен апат. Орман өрті табиғатқа, жан-жануарларға және адам өміріне үлкен қауіп төндіреді. Сондықтан өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау – әр адамның міндеті.

Кейде орман өрті сендірілмеген темекі тұқылы көлік терезесінен лақтырып жіберетін шылым шегушілердің салғырттығынан да шығады. Сонымен қатар өрттің шығуына кейбір шаруа қожалықтарының қызметкерлері де себеп болуы мүмкін. Олар шөп шабу науқаны кезінде өрт сөндіргіш жөк немесе техникалық жағдайы талапқа сай емес трактормен жұмыс істеп, дала өртіне жол ашуы ықтимал.

Өрт қауіпсіздігі ережелеріне бейкамдық танытатын «табиғат әуесқойлары» да аз емес. Олардың қатарында орман аумағына демалуға, жеміс-жидек, санырауқұлақ, емілік шөп жинауға немесе өзен-көл жағасына серуендеуге келетін адамдар бар. Табиғат аясында демалған кезде от жағу ережелерін қатаң сақтап, жалған отты толық сөндірей кетуге болмайды.

Орманшылар ересектер мен балалар арасында түсіндіру жұмыстарын үнемі жүргізіп келеді. Орманға кіреберістерде және адамдар көп жиналатын жерлерде өрт қауіпсіздігі туралы ескертіп тақталар, плакаттар мен стендтер орнатылған. Олар көлушілерге өртке ұқсасыз қараудың қауіпті екенін ескертіп, жасыл желекті қорғауға шақырады.

Табиғатты қорғау – баршамызға ортақ міндет. Бір ғана сөндірілмеген шок немесе темекі тұқылы үлкен өртке себеп болуы мүмкін. Сондықтан әр адам орманға барған кезде тазалық пен қауіпсіздік ережелерін сақтап, табиғатқа жанашырлықпен қарауы керек.

Орманды бірге қорғайық! Өртке жол бермейік! Табиғатымызды таза әрі көрікті күйінде болашақ ұрпаққа жеткізейік!

А.А. ТАЛИПОВ,
Сүткент орманшылығының басшысы.

Табиғатымызды қорғай білейік

Ұлы дала төсінде жайқалған әсем табиғаттың өзі – ұлттымыздың киелі қазынасы, баға жетпес байлығы. Ал сол қазынаның түрлі қауіп-қатерден қорғалуы кейде көңіл көншітпей жатады.

Қазақтың «Бір тал кескен, он тал ек», «Атадан мал қалғаныш, тал қалсын» деген өсиет сөздері табиғатты қорғаудың терең философиясын білдіреді. Алайда бұл игі ұстанымдардың іс жүзінде орындалуы көп жағдайда қиындық туғызып жатады.

Жалпы, табиғатты қорғауға байланысты заң талаптарын сақтау – басты міндет. Өкінішке қарай, кейде заң талаптары ескерілмей, табиғатқа зиян келтіретін әрекеттер мен заң бұзушылықтар орын алып жатады.

Сондықтан, құрметті тұрғындар, орманға барған кезде табиғатты аялауды, тазалықты сақтауды және өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң орындауды ұсыраймыз. Қоршаған ортаға ұқышты қарап, табиғи байлығымызды келесі ұрпаққа аман жеткізу – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Табиғатты қорғайық! Орман-тоғайды аялайық! Табиғатымызды бірге сақтай білейік!

А.МУХАМЕДЖАН,
Сүткент орманшылығының орман күтуші қорықшысы.

Табиғатқа тағылық жасамайық

Көптеген азаматтар орман-тоғайларға барған кезде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтай бермейді. Соның салдарынан орман-тоғайлар өртке оранып, мемлекетке үлкен зиян келіп жатады. Сондықтан әрбір тұрғынға жасыл желекті аймақтарға барған кезде өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтауды ескертеміз.

Табиғатқа зиян келтірген әрекеттер үшін еліміздің заңнамасына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылып, айыппұл салынуы мүмкін.

Сонымен бірге орман алқабы мал жаятын жайылым емес екенін де ескертіміз келді. Құрметті тұрғындар, малдарыңызды арнайы белгіленген жайылымдарға ғана шығарыңыздар. Орман-тоғайлар – мал бағатын жер емес.

Жасыл желек жамылған орман-тоғайлар – табиғаттың баға жетпес байлығы. Оны қорғау – баршамыздың ортақ міндетіміз. Табиғат аясында демалған кезде қоршаған ортаға зиян келтірмей, тазалық пен қауіпсіздік ережелерін сақтайық.

Табиғатты аялайық, орман-тоғайды қорғайық! Табиғатқа тағылық жасамайық!

М.АБИЛДАЕВ,
Сүткент орманшылығының
орман күтуші қорықшысы.

(Жалғасы. Басы өткен сандарда)

“ҚАРА СӨЗ ҚАРА ӨПЕҢГЕ АЙНАЛҒАНДА...”



Жиырма бесінші қара сөз

Балаларды оқытқан да жақсы, бірақ құлшылық қыларлық қана, түркі танырлық қана таза оқыса болады. Ол үшін бұл жер – бүлікке батқан орта, мұнда әуелі мал табу керек, онан соң араб, парсы тілдері керек. Қарны аш кісінің көңілінде ақыл, бойында ар, ғылымға құмарлық қайдан тұрсын?! Жеп-ішуге малдың тапшылығы да ағайынның араздығына, әртүрлі пәлеге, ұрлық, зорлық, қулық, сұмдық секілді нәрселерге үйрендіруге себеп болатын нәрсе.

Мал тапса – қарын тояды. Онан соң, білім түгіл өнер керек екен. «Соны үйренсейін, не балама үйретейін», – деп ойына жақсы түседі. Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр. Зиянынан қашық болу, пайдасына ортақ болу үшін тілін, оқуын, ғылымын білу керек. Себебі олар дүниенің тілін білді – мұндай болды. Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады. Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі онымен бірдей мәселенің мән-жайын ұғынуға қол жеткізеді, аса арсыздана жалынбайды. Дінге де жақсы парасаттылық керек. Жорғалықпенен көңілін алсам екен деген надан – әке-шешесін, ағайын-жұртын, дінін, адамшылығын жауырынынан бір қаққанға сатады. Тек майордың күлгені керек деп, арты ашылса да, кам жемейді.

Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі. Бірақ осы күнде орыс ғылымын баласына үйреткен жандар соның қаруымен тағы «Қазақты аңдысам екен», – дейді. Жок, ондай ни-

ет керек емес. Малды қалай адал еңбек қылғанда табады екен, соны үйретейік, мұны көріп және үйренушілер көбейсе, ұлықсыған орыстардың жұртқа бірдей заңы болмаса, заңсыз қылған қорлығына көнбес едік. «Қазаққа күзетші болайың», – деп, «Біз де ел болып, жұрт білгенді біліп, халық қатарына қосылудың қамын жейік», – деп ниеттеніп үйрену керек.

Қазір де орыстан оқыған балалардан артық жақсы кісі шыға алмай тұр. Себебі, ата-анасы, ағайын-туғаны, бір жағынан, бұзып жатыр. Сүйтсе де, осы оқыған балалар – ана оқымаған қазақ балаларынан үздік, озық. Қалай болса да, сөз ұқтыруға болады оларға. Жақсы атаның балалары да көп оқыған жоқ, қайта, кейдің балаларын орысқа қорлап берді. Олар осыдан артық қайда барсын? Оның үстіне, кейбір қазақтар ағайынмен араздасқанда: «Сенін осы қорлығына көнгенше, баламды солдатқа беріп, басыма шаш, аузыма мұрт қойып кетпесем бе!» деуші еді. Осындай жаман сөзді, Құдайдан қорықпай, пендеден ұялмай айтқан қазақтардың баласы оқығанменен не бола қойсын? Сонда да өзге қазақ балаларынан артық үйренгені немене, қайсыны көп үйреніпті? «Кірді, шықты», «ілді», «қайтты» түбегейлі оқыған бала да жоқ. Әкесі ел ақшасымен оқығанға әрең оқытады, өз малын не қылып шығарсын? Тұрасын айтқанда, балана қатын әперме, енші берме, барынды салсаң да, балана орыстың ғылымын үйрет! Мына мен айтқан жол – мал аяп қалатын жол емес. Құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десең – оқыт, мал аяма! Әйтпесе, бір ит қазақ болып қалған соң, саған рахат көрсете ме, өзі рахат көрсете ме яки жұртқа рахат көрсете ме?

Абай ҚҰНАНБАЕВ

Жиырма бесінші өлең

Қашпайды ынтымақ пен ырыстан бақ,
Оқысаң қызмет те, жұмыс болмақ.
Құлшылық қыларлықтай дін үйретіп,
Балаңды оқытқаның дұрыс болмақ.

Дейтіндей жағдай емес қайда асығар,
Уақыттың алдап кетер аяласы бар.
Хикмет, өнер, ғылым – бәрі орыста,
Бас тартып зарарынан, пайдасын ал.

Сен оның тілін оқып меңгергенде,
Тұрасын ынытасып бір денгейде.
Бұл күнде дүниенің кілті орыста,
Сап түрлі сырын ашар білгендерге.

Болмаса ойланарлық шешім бөлек,
Қалады ескі жұртқа көңің, демек.
Халықтың қамын ойлап қайғыланар
Саналы ұрпақ бізден өсу керек.

Алаңдай бермейтіндей далаға көп,
Өзгеріс керек біздің санаға көп.
Ата-ана, туған-туыс бұзғаннан соң,
Оқыған түбегейлеп бала да жоқ.

Айпалар қамқорып, саяпа да,
Тым қатты еркелетпе, аялама.
Егер де балам адам болсын десен,
Балаңды оқытудан мал аяма!

Әлібек ШЕГЕБАЙ

(Жалғасы келесі сандарда)

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Жеңіс – еңбектен, Биік белес – табандылықтан

Кездесу барысында аудан әкімі спортшылардың халықаралық және республикалық жарыстарда көрсетіп жүрген жоғары нәтижелерін атап өтіп, әрбір жетістіктің артында тынымсыз еңбек, күнделікті жаттығу, тәртіп пен табандылық, жаттықтырушылардың кәсіби еңбегі және ата-аналардың қолдауы тұрғанын жеткізді.

Спорт – жеңіс пен жүлденің ғана емес, тәртіп пен жауапкершіліктің, төзімділіктің пен жігердің үлкен мектебі. Спортпен айналысқан жас өз алдына мақсат қойып, сол мақсатқа жету жолында еңбек етуге, қиындыққа төтеп беруге және жеңілістен сабақ алып, қайта талпынуға үйренеді.

Шардара ауданында спорттың орны қашанда ерекше. Өйткені өңірден ел намысын қорғап, халықаралық аренада

Қазақстанның көк Туын көкке көтеріп жүрген талай мықты спортшы шыққан.

Осы бағыттағы ең жарқын мысалдардың бірі – «ARM Sport» клубы. Бүгінде өзінің 25 жылдық тарихын қалыптастырған клуб Шардара спортының өзіндік мектебіне айналып, талай жас спортшыны үлкен додаға дайындап келеді.

Клуб спортшыларының қоржынында бүгінде:

72 әлем чемпионы, 26 әлем кубогының иегері, 209 Азия чемпионы,

50 Азия кубогының жеңімпазы, 359 Қазақстан чемпионы бар.

Бұл – жай ғана статистика емес. Әр көрсеткіштің артында жылдар бойғы тынымсыз дайындық, маңдай тер, жеңілістен кейін қайта тұра білу, жаттықтырушының еңбегі, ата-ананың қолдауы және спортшының өз мақсатына деген сенімі жатыр.

Кездесуде «АРМСПОРТ АРЛАНДАРЫ» атты кітаптың тұсаукесері де өтіп, жаңадан жарық көрген кітап іс-шараға қатысқан оқырмандарға тарту етілді.

Бұл кітап – бір клубтың ғана тарихы емес, ширек ғасыр бойы қалыптасқан еңбек, ізденіс, жеңіс және са-

бақтастықтың шежіресі. Клубтан түлеп ұшқан спортшылардың жетістіктері бүгінгі жас буынға үлгі болып, олардың спортқа деген қызығушылығын арттырады сөзсіз.

Аудан әкімі Қарсыбаев Арман Романұлының спорт саласына көзқарасы да ерекше. Себебі ол спортты сырттай бақылап отырған басшы ғана емес, спорттың қыр-сырын ішінен білетін, спортшының еңбегі мен жаттықтырушының жауапкершілігін жақсы түсінетін азамат.

Өзінің спорт саласындағы тәжірибесін бүгінде аудан басшысы ретінде ел игілігіне бағыттап келеді. Жастардың спортпен тұрақты айналысуына мүмкіндік жасау, бұқаралық спортты дамыту, жас таланттарға қолдау көрсету, спортшылардың жетістігін бағалау және насихаттау – ауданның әлеуметтік дамуының маңызды бағыттарының бірі.

Арман Романұлы спортшыларға:

– Сіздердің әрбір жеңістеріңіз – Шардараның ғана емес, күллі Қазақстанның жеңісі. Халықаралық аренада көк Туымызды желбіретіп, Әнұранымызды шырқату – үлкен мәртебе. Еңбектеріңіз жемісті болып, алда-



ғы жарыстарда биік белестерді бағындыра беріңіздер. Ел абыройын асқақтатып, Шардараның спорттағы дан-қын одан әрі арттыра беру-леріңізге тілектеспін! – деді.

Нағыз чемпион бір күнде қалыптаспайды. Оның артында таңғы жаттығу, күнделікті тәртіп, талай сынақ, табандылық пен өз-өзімен күрес тұрады.

Бүгінгі чемпион – ертеңгі жас спортшыға үлгі. Бір спортшының жеңісі талай баланың жүрегіне арман ұялатып, оны үлкен мақсаттарға жетелейді.

Сондықтан Шардарада спортты дамыту, балалар мен жасөспірімдерді спортқа тарту, ауыл жастарына мүмкіндік жасау, спортшыларды қолдау және қалыптасқан дәстүрді жалғастыру – маңызды міндет.

Жеңіс – еңбектенгенге, биік белес – табандылық танытқанға бұйырады!

Шардара спортының мерейі үстем, жеңісті жолы жалғаса берсін!

Аудан әкімдігінің
баспасөз қызметі.



Спорт ойыны	→		↘		↘		↘	... пас	↘	Иссу	↘	Сәби	↘	Автобус	Ойын суық отауы	Жарғыш зат	↘
... Әлімбаева		Ізгі		... Серіков		Усра тұрғыны		Нист	→					Грек әріпі	↘	Үрмелі ойыншық	
	↘			↘			Балалар журналы	Әйгілі қуыршақ		... шауып бойға алмас		Наркотик	→				
Қыл қалам шебері		Аш емес	→			Бас нота	↘	↘				Әдеби жанр	→				
	↘		Жекжат	→		↘		Балшық	Ақыл		Би өнері	Жоғарғы оқу орны		Жөндік	→		
... маң тер		Мекке жәк	Қала көшгі	→				↘	↘		↘	↘		Жетекші		Қабырға шам	
Аралбаева	Энергия	→				Қисса	→						Арғы ата	→			
↘	Жетілген көлік		Жөндік		Тарту	→			... Мон	→					Ғажал		Хан орны
↘		↘	Зейін	↘	Сақа	↘		Ура!	... Толстоп	→			Электрлі балық	→	↘		↘
	Күт	→		↘		Көне тайпа	→			Қуб	→					Береке	
↘						Намыс	→		Пітір	↘	Рет		Ерік	→		↘	
	Еңбек өтуі		Пана	→		АҚШ ғарыш ұйымы	→		↘		Корей фолькласы	→	Логика	↘	Жігіт	→	Діни ағым
	Футбол ойыншысы	Мен сен ...	→		Ақ ...	АҚШ облысы	Химиялық элемент	→						Метал	→		↘
Қазақша журнал	↘	Италия	Пұл	→	↘	↘		Судын ... сұрауы бар	→		Ашу		Ген	Үстеме	→		
↘		↘	↘				Тең ойын	↘			↘		↘	Грек әріпі		Халық	
							Еден	→						↘	Фарш	→	
Алып балық	→			Қап	→					Көйлек бөлігі	→						
Сөніп тапсыру	→						Әскери техника	→				... Лумпур	→				